

БАЙТУОВ ЖӘКЕН


БӨРІ – БАТЫР
(بۇرۇپ بايرىق)



Байтуов Жәкен

Бөрі-Батыр

Бөрі-Батыр



Қарағанды 2016

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Қаз)-5

Б 17

Б17 Ж. Байтуов «Бөрі-Батыр» Өлеңдер жинағы./ Ж. Байтуов:
құраст. Жақсылық Жәкенов - Қарағанды: Tengri ltd,
- 166 б.

ISBN 978-601-7814-43-4

Бұл жинаққа аты Арқа өңіріне мәлім ақынның жас кезінен өлең - жырларға құмар болған, жаз - жайлауға, қыс – қыстауға көшіп, мал бағып тіршілік кешкен қазақ халқының халық ауыз әдебиеттерін, алғашқы «қауымдасу», «колхоздастыру» жылдары Қарқаралы мен Шет аудандарына арналған «Арнау» өлеңдері, Ұлы Отан соғысының Жеңіспен аяқталуына санаулы қақыт қалғанда ұйымдастырылған «Ауданаралық» айтыстары, дүниенің аумалы-тоқпелі кезеңдеріндегі қазақ халқының басынан кешкен «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» тарихи кезеңдерімен, ел қорғаны Ерлердің ерліктері туралы жазылған патриоттық жырлар мен поэмалар топтастырылған.

Жинақ әдебиет сүйер көпшілік қауымға арналған.

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Қаз)-5

ISBN 978-601-7814-43-4

© Құраст., Жәкенов Ж., 2016



Құрастырушыдан

Сарыарқа жері ежелден халық таланттарына бай өлке. Бұл жерде жұртшылықты аузына қаратқан жалынды жырлардың, аталы нақыл сөздердің, шертпе – төкпе күйлердің небір тарландары өткен өлке. Кезінде өз заманының ащысы мен тұщысын жырлаған, сонысымен халық ауыз әдебиетінің ұлттық байлығына өзіндік үлес қосқан ақынның бірі - Жәкен Байтуов (1891 -- 1962) Қарағанды облысы, Шет ауданына қарасты «Шаруатеңеу», - деген жерде дүниеге келіп, «Талды» ауылынан 18 -- шақырым жердегі Жана – Жұрт бөлімшесінде өмірден өтті. Екі ағайынды жігіт, Байту, Битудан тараған ағамыздың ұрпақ – тары бар. Алты ағайындының ішіндегі ең үлкен апалары - Бәтиха, Жәкен, Әлімұхан(Май, Балсекер, Нұрсекер, Кәрігүл --Ұлы Отан соғысының II- ші дәрежелі Даңқ, Қызыл жұлдыз орденінің иегері (1914-1994).

Бәйбішесі Дәмебайқызы Әмірайша (1902 – 1987 жж.). Апалары – Дәмебайқызы Бибіғайша. Балалары - Дәметер, Дәмен, Гүлнәр және мен. Ақынның келіні- Қайырбекова Әлия. Ақынның немересі Мақсат,Арманнан- Нұрдуман, Нұрмерей, Нұрсұлтан.

Әкесі Байту Байғонұлы (1864 – 1927 қарапайым мал шаруашылығымен

айналысқан, еңбекқор адам болған. Жас кезінен өлең – жырларға әуес

болған ақын, жазда жайлауға, қыста қыстауға көшіп, мал бағып тіршілік

кешкен, қазақ халқының халық ауыз әдебиеттерін, соның ішінде дүниенің

аумалы кезеңдерді жырлаған киссаларды, эпостық, лиро – эпостық жырлар мен кисса - термелерді жатқа айтып, жадына көп сақтаған.



Анасы Тоқабайқызы Жікі (1868 – 1921) ескіше оқып хат таныған, жадынан өлең шығарып аймағына әнші атанған екен. Содан болар, өлеңдер шығарып ақындық жолына түсуіне, нағашы жұртының да ықпалы тисе керек. Қарқаралы қаласында арабша дәріс алып, сауатын ашқан ақынның кезінде «Қоянды» жәрменкесінде талай жыр саңлақтарымен кездескен ақынның - қасиетті Қарқаралы мен Шет өңіріне өзінің өзекжарды жадынан шығарған шығармаларын арнамауы мүмкін емес.

«Н а р ш ө к к е н»- деген өлеңінде; соңғы шумағы
... Ешкімнің Наршөккенге жоқ таласы
Біледі қарттар түгіл жас баласы
Ақмола, Қарқаралдың кірені бұл
Үйгізген Абызының куә обасы

Тарихы Наршөккеннің елге мәлім
Ергеде қожа болған, байлар зәлім
Тілімнің жеткенінше, жаздым теріп
Қараңғы сұм дәуірге, қайнап қаным, - деп жазып кеткен.

Ұлы Отан соғысы жылдарында, одан кейінгі жылдары Сарыарқа жеріне әйгілі ақындар:

Кенішбай Жұбандықов, Маясар Жапақов, Болман Қожабайұлы, Доскей Әлімбаев, Көшен Елеуов, Жылқыбай Нұрбеков, Тұңғышбек Дәлмағанбетов

секілді белгілі ақындармен айтысып, Патриоттық жыр-дастандарын жазды.

XVII – XVIII ғасырларда жоңғар-қалмақ шапқыншылығына қарсы күрескен қазақ халқының ерлігін баяндайтын «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» тарихи кезеңдерінен сыр шертетін «Көкжайдақ» поэмасы туралы, қазақ халқының ел мен жерін жоңғар –қалмақтарымен болған соғыстардың ұлан-ғасыр кең байтақ жерімізді, найзаның ұшы, білектің күшімен қорғаған даланың «Көкжалы» жекпе – жектің көзсіз



батыры «көлбасы» болған. ұлттық намысқа дақ түсірмей, туған жерге қорған болған Абылай ханның заманында – атақты батырларының бірі болған Дербісалы батырдың XV – XVIII ғасырларда Қазақ елінің Тәуелсіздігі үшін қалмақ – жоңғарларымен шайқас кезінде көрсеткен ерліктері айғақ. Айдаболұлы Дербісалы батырдың бұрын жарияланбаған «ерліктері» мен «Бөрі батыр» поэма дастанын ақынның өз қолымен жазылған қолжазбаларынан бір сөзін де өзгертпей, толықтай арабшадан аударып, оқырман қауымға ұсынып отырмын.

Жинақты құрастырушы: Жәкенов Жақсылық - ұстаз- зейнеткер.



Өмірі туралы

Автор

Руым Қояншығатай аргы затым,
Байтуов Жәкен ақын, менің атым,
Кетпеді қамыт табы мойынымнан
Байлардың жастан көріп қианатын
Басынан мал бітпеген болдым наһар
Бола ма мал болмаса ер де ажар
Тұрмысың малыңменен бірдей келсе
Емес пе, оттың басы күнде базар

Тұрмысың малыңменен бірдей келсе
Болмай ма, жас өмірің күнде базар
Кей пенде бес қырықпен байыдым, - деп
Құлаштап екі қолын кезек созар.

Өзгөргі қорықпайтын артыңда
Байлардың жастан көріп қианатын
Басынан мал бітпеген болдым наһар
Бола ма мал болмаса ер де ажар
Тұрмысың малыңменен бірдей келсе
Емес пе, оттың басы күнде базар
Тұрмысың малыңменен бірдей келсе
Болмай ма, жас өмірің күнде базар
Кей пенде бес қырықпен байыдым, - деп
Құлаштап екі қолын кезек созар.

Шыр бітпей жас кезімде болдым арық
Көрмедім сұм дәуірден ешбір жарық
Үйіне байдың шөлдеп бара қалсаң
Ысқырар сұр жыландай ызбарланып



Жасымда бір түспеді, ұлы жолым
Жоқ еді кедейліктен басқа мінім
Шырмалып сұм дәуірдің күрсауына
Түншығып қара түнге, шықнады үнім

Ұйықтамай қой күзетіп, ұзақ таңға
Шәркең толып, аяқтан аққан қанға
Бір тоқтысың жазым боп, қасқыр жесе
Текпілейді аунағып тозаң шаңға

Жалаң аяқ су кешіп, тезек теріп
Шошығандай түсіңнен ерте тұрып
Екі көзге ал келіп амал бар ма ?
Аулақ жерде жылайсың иттей ұлыл

Ақырып ақ аюдай, арам байлар
Болар, - деп ойлаған жоқ нашарға обал
Асқанға бір тосқын бар, - деген дейін
Уақытсыз оларға да, кездесті ажал

Қиындық дәуір өтті, өткен күнде
Ол дәуір көп кездесті, жалпақ елге
Тоқымдай нашарларға қоңсы тимей
Қамады түншықтырып қара түнге

Осы жағыдай кездесті өз басыма
Жауыздардың адамға, жаны аши ма?
Тарыққанда зарығып Шолпан туып
Ұлы Октябрь кездесті, көз жасыма

Осындай ерте кезде, өтті дәуір
Жазылмас жара түсіп, болдым жауыр



Арманда өтіп кетті, жас өмірім
Байланды мылқау болып шешен тілім

Байлардың шыға алмадым қанауынан
Ішімде кетті ашылмай, алтын жырым
70 - ке жасым келді, жер таяндым
Өмірді өткеріп - ап, кеш ояндым

Көлемге көлеңкесін ие қылып
Сөйлетпей кісен салды, қызыл тілге
Алатынын алатын қара құстай
Алуға шабатындай жалпақ елге

Өткен күн еске түссе толқытады
Шошымын жас баладай көз ілінсе
«Сары алтын - сабыр түбі» дегендейін
Тілекті берер, - деген шын тілесе

Білімнен нашарлықпен қалдым кеш ел
Тұрмыстан соққы көріп, тұрдым мешел
Шыға алмай «сұм дәуірдің» құрсауынан
Жүректе жазылмайтын қалды кесел

Түн кетіп бұл дәуірде шықты күнім
Ашылды бұғып жатқан ішкі сырым
Пішпедей тепкі тиген бүгежектеп
Кемшілік келтіріп тұр, шіркін білім

Сарқылмас ақын сөзі, дария көл
Сөйлесе жөнін тауып, пайдасы мол
Тілге бай болғанменен, әнге жокпын
Осымен туысқандар, риза бол!



«Қарқаралы мен Қоңырат, Шет ауданының ақыны Жәкен Байтуовтың»

айтысы

(Қарқаралы мен Қоңырат ауданына арналған)

Гүлденген, Отаным бар, алтын аймақ,
Біздің «ел»жер – жүзінде, әлемге айғақ,
Дәуірдің Сталиндік «ақындары»,
Үлгілі ер табысын,елге жаймақ.

Жырлайды біздің «ақын», елдің халін,
Тіздейміз «біз ұытты» сөздің дәнін,
Айтады жетістік пен кемшілікті,
Халықтың өркендеуімен өсу жағын.

Міндеті «ақындардың», өсу болмақ
Еңбегін «заттардың», жырмен толғап.,
Отырса, елге жайып үлгілі ісін,
Табыстытаратуға, талдап – талдап.

Жастары ! Ленинградтың алтын алған,
Батыс – шығыспенен салып айқай,
Қоздырып «ел»намысын, «ер»қайратын,
Қосылды – бұл дүбірге, бірі қалмай.

«Үндеуін»кабыл алып, Ленинград,
«Ақындар сөзі - алтындай тізіп құрар,
Табысқа жауап берген, «Алматылықтар»,
Қолымда бір – ақ «Грамм»- осы «Наград»,



Өткен Бес жылдықтың, егіс жылы,
Өрге өрлеп, шаруашылық осы міні,
Төрт жылда, Бес жылдықты орындауга,
Лениннің қаласынан - шығады үні.

Білуге үн қосылды, әрбір тұстан,
Үкімін: «Сол күні Батыс пен Күншығыстан,
Шынын да - сол дүбірден оза шауын,
Үндеуге: «Үнін қосты – Қазақстан».

Серт етті: «Қазақстан – көсемге арнап,
Әр адам - өздеріне міндет алмақ,
Жұмылған халық болып, еңбек етпей,
«Ар – намыс» жарысқанда, артта қалмақ.

«Қоңырат», «Шет» ауданы, «Қарқаралы»,
Коршілес «аудан» едік – «Арқадағы»,
Жарысқа «Социалдық» түстік биыл,
Кім озар ? – бұл жарыста, байқар әлі.

Қария - «Қарқаралда» көпті көрген,
«Білімнің»- ордасы боп, үлгі берген,
Шақырдың: «Шет» ауданын қатарыңа,
Ежелден орын алып, жүрген торден».

Қарасам «Қарқаралдың» шың басына,
Көкке өрлеп, күн тиіп тұр арқасына,
«Арда емген»- анасының койнындағы,
Тел өскен «аудан» отыр ортасында.

«Қарқаралы» қасында тұр - «Қызылтуың»,
Саялы, орман – ағаш, өлке - тауың,



Сайында жүр – төрт түлік мал, жер қайысып,
Мал өскен, шүйгін шөп жеп, тұнық суын.

Өсірді «Қарқаралы» талай ерді,
«Ақынды «да, «батырды» да, «кемеңгерді»,

«Қарттары ма?: «Хат жаздым – шаруа жайында,
Көсемге берген сертің, бар ма? ойыңда,
Төрт жылда. «Бес жылдықты» орындауда,
Халқынның беті қандай. «айт» дайын ба?».

Бұл жарыс: «Үш» ауданға берілген сын.,
Табысын жұрт алдына, салатын күн.
Міндетті артығымен орындайық,
Биылғы ісімізде, болмасын мін»,

Көршілес: «Аудан» едік. іргең құтты,
Көтерген ұзақ жолда, бірге жүкті,
Қол жеткен табысыңа тілектеспіз,
Бұлжытпай баянды етіп, ұста мықты.

Белгілі атақты ердің, бізге жайы,
Басшысы «Калинин» колхозының Сейсенбайы,
«Қарағаш» колхозың да, бері қарар,
Ортаң да Машайұлы Мұзарбайы.

Мінеки, үстіміз де, «Үшінші» жыл,
Сынайтын ілгерілеген жыл еді - бұл,
Бұл жылдың тапсырмасын артығымен,
Орындау Сізбен – бізге, «парыз», - деп біл.

«Ар – ұят» адамзат та, «намыс» та бар,
«Ар – намыс» арқасында, табыс табар.



Оятып «ел»намысын, қайрат беріп,
Қабдиман - бәйге алуға, қарқындан қал.

Түбі жоқ: «Абай сөзі – бір терең көл,
Ойлы «ақын»: «Жамбыл салған, тұр «қара жол»,
Солардың – ізін қуған «қариясыз»,
Кеншеке ! «Ел»айнасы - Сізбенен біз».
Қисықты – «Ақын» тілі, түзейтін «тез»,
«Әдеппен»- сәлем беріп, қолыңды алдым,
Жазылған: «Хат арқылы, көрегенді – «көз».

Шақырдық: «Қоңыратты»- біз жарысқа,
Түскенбіз – Сізбен талай, сан жарысқа,
Алдағы «Бес жылдықтың» белесінен,
Шығайық қатар шауын, кем қалыс па?».

Бойында «Тоқырауын» тоған толған,
Бір «аудан»егін салған, бәрі соған,
Суыпан «балшекердей»пайдаланып,
«Колхозшы»- ұйымдасқан болып қоғам».

Жағасы екі бірдей, толған –егіс,
Арнасы қою орман, түрлі жеміс,
Мал бағып, егін салып, шобін шауын,
Бір «аудан»- пайдаланар сонан тегіс.

«Актоғай»- ортасында елге қазық,
Қасында «Шатырша» тұр, тұйық жарып,
Өрімен «Тоқырауын» күміс сүйіп,
«Ұрпаққа» талай «ғасыр», болар азық».

Кеншеке!: «Қариясыз - көпті көрген,
Өлеңнен сөз асылың, інжу терген.



Кім алда, кім артта келе жатыр ?,
Ұрпақтың жасы үлкені, кішісіне ерген».
Кеншеке! : «Малың өскен, жеріңе сай,
Орнатқан «Мәдениет», колхозын бай,
Табысқа қолы жеткен, талай «ер»бар,
Орденді Хамит пенен Әбділдадай.

Осындай талай жүйрік, Сіздер де бар,
Әрине мұндай жүйрік, біздер де бар,
Мол өнім, егін – малдан алып жүрген,
Он емес, Отыз емес, Жүздер де бар.

Қойшысы «Қызыл өркен» Беркімбайы,
Тұнық су, шүйгін шөпке қойын жайып,
Қозы алып, Жүз саулықтан - Жүз отыз алты,
Қораға қойы сыймай, жатыр байып.

Қойларын мүшелердің Түсіп бағып,
Бағуға бабын тауып ықтиятты .
Жүз саулықтан Жүз отыз алты қозы алып,
Көлемін «ауданымның» таңырқатты.

Басқармам - «Роза»колхозында Қасқатайым,
Сондағы – «бригадир» Жолдасбайым,
Бастығы - «Өспеннен» Коволенко,
Жайқалған алтын дәнмен, егін жайым.

Өткен жыл, орындадық айтқан сертті,
Табысқа сол себептен қолым жетті,
Қасқатай, Коволенко, Жолдасбайға,
«Ленин» орденімен сыйлық етті.



«Роза Люксембург»колхозы.

Осындай – көп адамдар алды сыйлық,
«Указбен» берілсін, - деп етті бұйрық,
Айбынды еңбегімен «сыйлық» алған,
Арасында толып жатыр, талай жүйрік.

Жарыстың «Социалдық» мағынасы,
Үйреткен Сталиннің қауымдасы,
Артында қалғандарға көмек беру,
Алдында бара жатқан бар жолдасы.

Біреулер тапсырманы нашар істер,
Біреулер – онан гөрі, болар іскер,
Үшінсі біреулер – онан да артық істер,
Колхозшы, қызметші істеп жұмыс.

Ең жақсы істегенді, қуып жетің,
Табыспен алдыңғыны басып өтіп,
Жетеді жалпы өрлеуге қамтамасыз,
Халықтың мол табысқа қолы жетіп.

Осылай Сталиннің айтқан сөзін,
Есіңе салайын, - деп келді кезім,
«Қап» демей: «Ә, Кеншеке ! қимылдандар»,
Шабатын «ұлы турда» келді кезің».

Көсемге берген сертті орындайық,
Қайратты бойға сақтап қорымбайық,
Табысқа – табыс қосып зор етіндер,
Табысты бұдан да артық, мол қылайық.



Жарыстың сыналар бір, кезі келді.

Жарыстан «ер»сыналар келді кезі,
Қисықты түзейтұғын дайын тезі,
«Дұшпанның» түні жетіп, белін үзіп,
Мал өсіп, жер гүлденіп кірді күші.

Қызатын сан жарыста туды күні,
Ер – әйел еңбек істеп, күндіз – түні,
Оңалар ел тұрмысы, мал көп болса,
Халықтың көтеріліп, бітер ісі.

Зор міндет тұр, жылдықтың «сын»жарысы.
Бұл жарыс – «ел ырысы», «ел намысы»,
Оза алмай бұл жарыста кейін қалсақ,
Айтатын «үкіметтің»жоқ алғысы.

Бес жылдық алда тұрған, үлкен кезең,
Маңызды бұл кезеңнен, өттік терең,
Қалпына шаруаны келтірсін,- деп,
Халқына «ұлы көсем»айтты сәлем.

Қарсы алып, бір ауыздан бердік сертті,
Бұлжытпай орындауға сенім мықты,
«Бес»жылды, «Төрт»жылдықта орындауда,
Ант беріп, бір ауыздан қойдық қолды.

Көсемнің қабылдайық тапсырмасын,
Екі есе ғып өсірейік, малдың басын,
Жас төлді, туған ұлдай тәрбиелеп,
«Колхозшы»түзу болсын көз қарасың.



Бітірдік «Көк егісті»ерте айдап,
Мол өнім аларлық қып, салсақ жайлап,
Керекті «ақ егіске»құралдарды,
Алдағы «егіске»аттанғандай, қойсақ сайлап.

Жарысқа «Қоңыратпен» түрмыз түсіп,
Колхозшы: «Ояныңдар ұйқы бұзып,
Істейтін іс «шланнан»тыс, мал өсіріп,
«Бәйгі»алыңдар, «наград»пен басып озып.

Бүйірден қосылар кеп. «Қарқарал»да,
Жарысқа түсті бізбен, осы жылда.
Орындап «Бес»жылдықты, «Төрт»жылдық та,
Түсейік басып озып, бірінші алға!

«Шет»ауданының мерекесіне арнау

Сөйлейін біразырақ тыңда халқым,
Жиналған «мерекеге», жас пен қартың,
Бас қосқан, «ұлы дүбір»думандар да,
Ерітіп бүкіл мейірін, «ақын»қартың.

Ақынның келді кезі сайрайтұғын,
Сұңқардай көкті сүзіп шарлайтұғын,
Жеке озған сан жарыста, мен бір тарлан,
Тұлпардай бір күн шапса талмайтұғын.

Ашылар «ақын» жыры, «елдің»сыны,
Көрінер «ер»еңбегі, түрі – міні.
Атынан «Шет»ауданын құттықтаймын!
Ардақты құрметті күн, «Мерекені»!



Бригада әділ болса, бастаушы да.
Ұйымшыл «бірлік»болса, байлық алда,
Еңбегін аялаңдар жалпы халық,
Өмірлік сарқылмайтын, байлық жерде.

Бас қосқан. колхоз – совхоз бүкіл жайсаң,
Ішінде күшті болса, «бірлік – ұйым»,
Хабарын: «Алматы мен Москваның,
Отырмыз үйден тыңдап, «ән мен күйін».

Салынды сәнді қала салтанатты,
Сәулесі «ел»өмірін таңырқатты,
Жұлдыздай жымыңдаған, «электр»шамы,
Арасын көк пен жердің жарқыратты.

Сұрыптап айтсам сырлап «күншілдерін»,
Адамның тарқатардай, ішкі сырын,
Бақытты «ел» сайрандаған саясында,
Қызығын бұл дәуірдің, көрдің елім !.

Ұшырды «құсыменен», көк жүзін кезіп,
Аспаннан теңбіл бұлтты, өткен бұзып,
Жол салып жер мен көктің арасынан,
Тамсанып табиғаттың түрін бұзып.

Жол салдық таудан тасып, тасты кесіп,
Талқандап тас қияны, кеттік өтіп,
Қонып тұр, бақыт құсы басымызға,
Өлмес жол. сөнбес жарық көрдік қызық !

Бұл күнде байлық – дәулет, бәрі қолда,
Даңқымыз жетті тарап, оң мен солға.



Тамаша өнер – ғылым, терең білім- бәрі бізде,
Қосылды дүние – жүзі, біздің «қорға».

Өткіздік басымыздан талайын да,
Дос күліп ісімізген, қас күйінді,
«Әділдік», «бейбіт»өмір еліміз де,
Қас «дұшпан», қас боп келіп «басын»иді.

Арқаның бетпак жазық сар даласы,
Құлпыртып гүлдендірді сай – саланы,
Егін сап, мал өсіріп «колхоз – совхоз».
Гүлдентті сахараны, «Тың»қаласы.

Бұл күнде ісімізде, ешбір мін жоқ,
Түзелді тұрмысымыз, халқымыз тоқ,
Орындап «Жеті»жылдықты, «Бес»жылдықта,
Қажырлы қайратты «ерлерше»тағы шықтық.

Мал басын өсірдік біз, төрт түліктен,
Еңбекке «ел»жұмылды, шын жүрекпен,
Дүниенің ашып кілтін, біздің жерден,
Қалмайды «жер – жүзінде», біз жеңбеген.

Бірігіп ұйымдасқан, «Ел»мен «Ер»де,
Бірлесіп көмектессең, байлық жерде.
Бітіріп бар жұмысты мезгілінде,
Отырсақ «абыроймен» шығып турдан.

Жеткеміз бақытқа біз, бір тиынның көмегіңсіз,
Ұлы көсем Лениннің бастауының себебінен,
Өзі өлгенмен, өлмес жолы қалды,
Халқың Сізді сүйеді, шын жүрекпен !



Жолдастар! «Әнге жокпын, тілге баймын,
Топ көрсем, «бәйгі»атындай арындаймын,
Көпшілік қатем болса, гапу етер.
Сөзімді осыменен аяқтаймын!

«Сарқылмас менің сөзім, «дария»көл,
Сөзімнің «ұққандарға», маңызы зор,
Жасасын! «Партияның» - мәңгі жолы,
Осымен, ал көпшілік риза бол!».

1958 - жыл.

«Жұмыскер» колхозының жетістігі

Жұмысы «Жұмыскердің» нәтижелі,
Бүгін де «ер – әйелдер» батыр бәрі,
Кемпір – шал, бір кісінің баласындай,
Бұлардың бір тілектен ақылдары.

Майданның тілегіне жұмысы сай,
Мүлтіксіз түгел біткен жұмыстары,
Басқарма алға қарай, бастап елін,
Қуатты Партияның ұстап жолын.

Мәмбетов – «Жұмыскердің» басқармасы,
Елінің өсуіне үлес қосып,
Үй құсы балапандай, тоғай толы,
Түлеткен «ат пен бие», «құлын – тайы».

«Жұмыскердің» - Мәмбетов басқармасы,
«50 – дін, 7- уінде анық жасы,
Құрылысқа «Социалдық» - түзу беті,



Көркейту «қоғам» мүлкін, бар ынтасы
Дайын тұр – «жүген – сайман», бар маласы.

Күтімді ат пен түйе, өгіз семіз,
Байлаулы, бәйге атындай күш – көлігі,
Мал басын аман сақтап, қасқыр – жұттан,
Бұда бір Отан сүйер, көрнекті ісі.

Аманбек, Ақау жиен - бірі кәрі,
Түлкідей түнде жортып, «қысы – жазы»,
Не суық, не су кірер,- бір тесік жоқ,
Сыланып ерте біткен, бар жұмысы.

1943 –

жыл.

«Қоңырат ауданы» мен «Шет ауданының» айтысы

Кеніпбай:

Ақынмын бәйгі «Көктей» арындаған,
Шабыстан «сан тобырда» жаңылмаған,
Қаптаған қалың топтан суырылып,
Сөйлесем нәсердей боп жалындаған.

Кәрілік келген жоқ маған жетіп,
Ауырып тұрмын бүгін, үнім бітіп,
Сондықтан, көптен ұлықсат сұраймын «мен»,
Әлеумет – құмарланып тұрған күтіп.

Өзімді басамын, - деп жүрген менен,
Ермекжан, үнің жақсы інім едің,
Алдында шаршы топтың, домбыранды ал.



Айтып бер, өлеңді, «көлдей»етін.

Жәкен:

Мақтапсыз: «Қарсы аламын ! «Аюлыны».
Жерімнің жамандар ең, болса міні,
Елім бай, жерім кенді, «ерім»күшті,
Айта алмас мақтады, - деп ешкім мұны»,
Соққандай қолмен «қорған», нулы орман,
Көрмепсіз: «Бұғылы мен Тағылыны».

«Бұғылы, Тағылымен – айдынды тау,
Белінен асқан емес. жасанған жау,
Арқасы бұлғқа тиіп, күнді сүйіп
Айқайлап мен мұңдалап, тұр «Қызылтау»

«Бүркітті», «Ақтас», «Шалтас», «Ойран»тауым,
Басынан бұлт сейіліп, кетпес жауын,
Бір кірсең, сол шыңдардың арасына,
«Ауданың» таба алмас еді,айтып сауын.

Қашанда «біз»жоғары «Сіздер»ойда,
Жерім жоқ, озбай қалған жарыс – тойда,
Басына «Қазығұрттын»шығып тұрсаң,
Ұмтылсаң қолың жетер, көктегі «Айға».

Қарауыл биік түгіл, «шоқыңыз»жоқ,
Мінгендей «тоқым»салып, «жайдақ»тайға,
Жері «жүн», байқағанға көрініп тұр,
«Қонырат» біздің «Шетке»жету қайда?.

Өмірлік кемімес «кен»- «Ақшатауым»,
«Грамы(кремни) «танкі»болып, қырған «жауды»,



«Мерт»болмай, берген сертті орындайық,
Кеншеке !: «Қоя тұрып бас қаруды».

Кенішбай:

Бізге де, сөйлейтұғын келді кезек,
Жарысқа түскеннен соң, бетті түзеп,
«Хатыңды»арнап жазған, қарсы аламын,
Қоздырар «ел»намысын, үлкен көмек.

Боласыз әріжүйрік, кейде тұлшар,
Күрделі алдымызда, талай шың бар,
Қалатын шыға шапқан, талай «жүйрік»,
Озатын «арттан»жеткен, мұны да аңғар.

Жәкен:

Білсеңіз малым өсті, жойдық кемді,
Еңбекпен егін егін, жұмыскері,
Төрт жылда, Бес жылдықты орындауда,
Белсеніп «қарттары»да атқа мінді.

Жүйрікпін!: «Мен соңыңнан шыға шапқан,
«Дұшпанға» кем тиген жоқ, сөзім – оқтан,
Күші ме? «Арыстандай» кірген кезім,
Кеншеке! Қапы қалмай, ерте сақтан».

Кенішбай:

Айтайын жетістікті тыңдаңыз ал,
Көрнекті «Ауданымда» табыстар бар,
Көрсеткен міндеттеме, «шартта»тағы,
Мүлтіксіз орындалды, Төрт түлік мал..



Сөйлейін біразырақ, тыңда «халқым»,
Жиналған «мерекеге», жас пен қартың,
Осындай «ұлы дүбір» думандар да,
Сүрініп бөгелмейді, «ақын қартың».

Жәкен:

Ашылар «ақын» жыры, елдің «сыны»,
Көрініп «ер» еңбегі, тұрды міні,
Атынан: «Роза Люксембургтің» құтықтаймын!
7 - ші «Ноябрьде» бүгінгі күн».
Береке әділ болса, бастаушы ер де,
Ұйымшыл «бірлік» болса, бидай «ел» де,
Ер – әйел ұйымдасып, еңбек етсе,
Өмірлік таусылмайтын байлық сонда.

Бас қосқан «колхозшылар» бүгін жиын,
Ішінде күшті болса, «бірлік – ұйым»,
Сарайға бидай толып «электр» жанып,
Жасарады «колхозшылар» тұрмыс күйін.

Алдық «біз»: «Бірінші жылдықтан, «егіс» өнім,
«Роза» егін – шөптен бірінші орын,
Мал басын аман сақтап, апат – жұттан,
Тазалап дайындайық, тұқым қорын».

Кеншеке!: «Сіздерде бар, талай жүйрік,
Бізден де, Беркімбаев шықты үздік,
Еске алып «ер» еңбегін «Жоғарғы» орын,
Құрметті «Наград пен берді сыйлық».
70 – те, «Балабек» қарт жылқы баққан,
«Газетке» қасқыр соққан, - деп талай жазған,



Қалған жоқ таяқсыз ол – мал баққалы,
Бөріге бір «құлынды да» жегізбеген.
Бай колхоз: «Шет», «Жарық»пен «Қызылөркен»,
Мың – мыңнан, «Сегіз отар»кой өсірген.

Ерім көп, атақ алған егін – малдан,
Орамда «озағтар»көп, «мадақталған»,
Сапалы егін салып, өнім алып,
«Үш ерім»- «Роза»да «Орден»де алған.

«Шет шуағы», (шұғыласы),
«Қызылтеңдік», «Айғыржал да»,
Есеп жоқ, өсіп жатыр орта мал да,
«Мың гектар»кем деген де, егін салып,
«Облыс»пен «ауданның» тұр алдында.

Кенішбай:

Ардақтап: «Қарқаралды», - дер ем «Орда»,
Бұл күнде бола қалды, жүйрік «жорға»,
Кемшілік «ауданың да»толып жатыр,
Қоспайсың «ақын»мені, неге жырға.

Биіктен аса соққан, мен бір дүлей,
Таптаймын сүрінбей кет, осы жолы,
Жаны ма батып кетсе, айтқан сөзің,
«Айтысқа»бетінді түзеп, келші бері.

Бес жылдық Сізбен – бізге, бір ауыр жүк,
Жеңіп көр – бұл жарыста, мені «сен»тек,
Планды малдың басы орындалды,
Бес жылға жетерліктей, шабылған шөп.



Көз жетпес егінімнің аймағына,
Салынған сәнді қала жан – жағына,
Қаптаған сар даланы, қой мен сиыр.
Екі есе орындалды, төл жағы да.

Секілді тау беліндей, енген бура,
Төгіліп сар жібектей, шыққан «шуда».,
Прылдап қаздай қалқып, желдей шалқып,
Құлын – тай ойын салып, өзен – суға

Айтуға табысымды, жетпес «тілім»,
Еңбектен емшек емген, қыз бен ұлым,
Белсеніп «карттар» да атқа мінді,
Көзіңмен аралап қайт, болса мінім.

Жәкен:

«Аға», - деп «Қарқаралдай» сыйлап едім,
Мен «Сізді», жамандауға, қимап едім,
«Үш жүз» бас «Жаңауылдан» өлген малды,
«Қап», - демен, өз көзіңмен көрмеп пе ? едің.

Көрдің бе?, «Жаңауылдың» сиыр базып,
«Бір метр» астындағы, «мұз» бен «сазын»,
Тұтанып «тас көмірдей», жанып жатыр,
Бауырын «Наршөккеннің» - бар «өзегін».

Мені «Сіз» жеңе алмассыз, осы жолда,
Дұрыс па ? осы шығын, орта малға,
«Елу» бас, өлген сиыр жатыр сасып,
Түбінде «Наршөккеннің» қазған орда.
Тағы да «Жаңауылыңның» бір өлкесі,



Су толып құлап жатыр, «баз»іргесі,
Су өтін, «қотыр»басын өлім сонан,
Қыраудан, салқын «күзбен өле берген.

Тағы да, «Қызылшілік»колхозында,
Шығын көп, сиыр менен қой жағында,
Өлтірген «40 – сиыр», «35 – қой»,
«4 – жылқы», тағы да бар арасында.

«Ақыным»отірік пе? осы шығын,
Тексерсе кім біледі? Шығын,
«Арықтан»жақсы шыққан мал өлмейді,
Күтімге – ап. мезгілінде жесе шөбін.

Жарыстың «Социалды» қызған кезі,
«Қисықты»түзейтін күн, даяр тезі,
«Сын»жүрсе, «мін»түзелер. - демеп пе еді,
Көсемнің бар емес пе? айтқан сөзі.

Сүймейді біздің «дәуір», жүргенді тек,
Ақынды «сын»жазды, - деп, көрмеңіз «жек»,
Өткенше «Бес жылдықтың» кезеңінен,
«Қап?», - демен, «Сізбен»- «бізде», тұр ауыр «жүк».

«Табысқа»мас болмайық, «Сіз де»- «Біз де»,
Жояйық «кемшілікті», болса іште,
Орындап бар түрінен міндеттерді,
Барайық ! Тарту етіп «Октябрьге».

1944 – жыл.



Жәкен Байтуов «Шет ауданы»- 18.06. 1953 – жыл

18.06. - күні «Ақсу»колхозында «30 – 40»- тай адамдар катысқан «жиналыс»өтті.

Осы бас қосқан «жиында» «Аудандар»арасында бір – бірімен, жарысқа түсу туралы «өлеңдерімді»оқып, егізгі тақырыбы:

1. Сапалы егін салу мен «егіннен»мол өнім алу туралы,
2. Мал басын аман сақтап, төлдерін өлтірмей аман сақтап қалу жолдары туралы өлеңдерімді оқыдым.

3. «Ауданаралық» жарысқа түсу туралы өз пікірлерін білдіріп сөйлеушілер:

И. Омарбеков, Ж Садуақасов пен «Еңбекші»колхозының «Парторгі»- Қалшауов

Өз ойларын ортаға салды.

19.06.-күні «Аудандар мен жарысқа түсу»туралы «мәжіліс»әрі қарай жалғасын тауып, «көпшілікке»арнаған «өлеңдерімді»оқып, сөз алған сөйлеушілерден:

- 1.Садуақасов.Ж
2. Омарбеков. И
3. Сұлтанбеков.К –тер сөз сөйледі.

20.06. – күні «Сталин» колхозында болдым.

Мұнда сөзге шығып сөйлеушілер:

1. Дуанбеков (парторг).
2. Елубаев Мұнайтіас (бригадир).
3. Төлеубаев (мұғалім).
4. К. Жасылманова – өз пікірлерін ортаға салды.

1953 – жыл.



«Ауданым» туралы, (арнау өлеңім)

Қазір де «Ауданымның» жақсы халі,
Берілген «Ұлы еңбекке» жас пен кәрі,
Елім де тәртіп күшті, «білім» өсті,
Қызғандай «еліміздің» ду базары.

Айтайын «Ауданымның» салтанатын,
Ісім көп талдап айтсам мақтанатын,
Малға бай. «ерлігім» сай, егін сондай,
Жерім жоқ, бұл жарыста кем қалатын.

Жас әнші, кәрі менен «ақын – жыршы»,
Жарыста озаттар көп, жүлде алатын,
Сар дала, сай – салаға мал сыймайды,
Қарасаң аймағына, қоз талатын.

Қол болды «шұқанақтар», айдын шалқар,
Айналып аққу жүзіп, қаз қонатын,
Орындап «Бес жылдықты», төрт жылдық та»,
Сенім зор, қуанышпен дем алатын.

Тербеткен жер бесігін, ерлерім көп,
Күшінен қозғалғандай, жер менен көк,
Көлемі көктен жазық, егін салдық,
Сертті орындауға қауіпім жоқ,

«Сөйледім»- жұмысымның бар саласын,
Құт орнап, бетіміз бар күн шалатын,
Әлі де айтылмаған, табысым көп,
Ісі ме? жұрт сүйсініп, таң қалатын.



«Қоңырат» ауданы, «Калинин» колхозының,
Председатель - Хамит жолдас,
«Жәмші» колхозының - бригадирі Мұханбетжанов
Сағат,- дегенді қондырмай жіберді, - деп «ақын» саған айтып
берген жауабы.

Жолында тұрушы едік «Ақтоғайдың»,
Қаруы қайтпады ғой, көже – шайдың,
Бір уыс атқа салар, сабан таппай,
Әркімге қайыр сұрап, қолды жайдық.

Сұраған жаман екен, шөптен қайыр,
Жігіті «Ақтоғайдың» түзде байыр,
Малдары көтеремнің, аз алдында,
Тенелер Май туған да, жесе «шайыр»,

Қос уыс сабан берді Әшербек шал,
Жоқ екен ол «қартта», ешқандай «хал»,
Баймыз – деп «басқармасы» мақтанады,
Не керек? Аш – жалаңаш жинаған мал.
Күнәрә «Ақшатауға» айран бермей,
Береміз «кел»- ол «қартқа» көзіңді сал.

Қамекең- былтырғы жыл «Орден» алған,
Ән салып, «халқы» сүйер «атақ» алған,
Мезгілді жұмыс күнін, өткізіп – ап,
Боларын «тасқын» қатты, білмей қалған.

«Зав. Ферме», мен де бардым Уақасқа,
Қонақ ырза болмай ма? қолдағы асқа,
Қарт Шакан: «Шықты алдымнан, айқай салып,
Атымды айырменен ұрды басқа,



Ойпырмай! Мынау қалай, тәртіпсіз ед.
Атымды жазығы жоқ, ұрды басқа.

1944 – жыл.

«Қоңыратпен»- айтыстары туралы.

Жолдастар! Бұл жиында қостық басты,
Біз көрдік «Қоңырат»та, кәрі – жасты.
Кемпір – шал, көп жасаған «қарттарымен»,
Жүздесіп бәріменен амандастық.

Танысып колхозшы мен «фермедегі»,
Олармен сәлемдесіп, қол алыстық,
Колхозшы «сәлем»айтты бәрімізге,
Кіші де, «ұлкен аға», «қара көз»де.

Нығайтып шаруалар жүр, мал өсіріп,
Қатарға жеткізіндер, «тез», - деп бізге.
Еңбек бар, дәлеліміз «план»бұған,
Күндіз той, түнде «жиын»ылғи «думан».
«Туғандай бір «анадан», бір «шешеден».
Бәріміз! Боламыз біз, бір тұқымнан».

«Ақынның»- өткір тілі, «алмас – қылыш»,
Қосылып «жауды»жеңу, барлық арман,
Жарыстың «Социалдық» майданын да,
Болмайды ! Еңбек етпей ұмтылмаса.

1943 – жыл



«Айғыржал» колхозында

«Айғыржал» колхозының нашар «халі»,
«Ашпыз», - деп «масак» терген, «кемпір – шалы»,
«Астық» жоқ малы күйсіз, шөбі жетпей,
Азғындап арып шыққан, «ферме» малы.

Торғайдай «қырғи» түткен, «қызыл – шака»,
Бұзау таз, «котыр – шалыс» тайыншалары,
Шапқан шөп, малға мұңсыз жеткен болса,
Болмас ед «колхозшының», мұндай «халі».

Егінді түзу алмай, «ысырап» қылып,
«Аңызда» жатыр жайрап, шашылғаны,
Таратып «кұда – сүйек» жақынына,
«Астық» жоқ, жүдеп отыр «балалары».

Еңбек қылса қолымен, ішіп жейді,
Жатып ішер «жалқаудың» болмас жолы,
Еңбек істеу, көбінің ойында жоқ,
Кешпес «күнә», еңбексіз отырғанды.

Қара жерді «қақбасқа», бір – ақ салып,
Жазығы жоқ мүшелер, отыр әні,
Түспеніздер жолдастар! Теріс жолға,
Жақсы көзбен қараңдар! Орта малға.

Наны көп боп, киімі бүтін болса,
Еңбек істер көңілді «кемпір – шал» да,
Терең айдап, сапалы «егін» салса,
Келешекте жетеміз, жақсы «халға»!

1932 – жыл.



«Кенішбай мен Жәкен» айтысы.

Жәкен:

Ертеден «көрші ел»ел едік, «ірге»берік,
Жалғасқан қолдың ұшын. көмек беріп,
Білуге жағдайыңды, «Кеніш – аға»,
Отырмын «Аюлыдан» ізден келіп,
Атақты Маясардай «қарт ағамның»,
Мен келдім тапысуға соңына еріп.

Кенішбай:

Шырқа әнім, сөйле тілім түптен тербен,
Шарықтап шалқып қиял, аспанға өрлеп,
Құтырған «зұлым жауды» тасталқан гып.
Бойымда тұрған кез де, шаттық кернеп.

Жәкен:

Шалқыған дауысы ма, құс айналар,
Бөгелмей ерікті үнге берсем ерік,
Ататпай адымыңды,өтем басып,
Күшіне «ауданымның» келдім сеніп.

Аспаннан сорғалаған мен «Ақиық»,
Шүйілген «қызыл алтай»түлкі көрін.
Дүниеде жер басқанды құтқармаймын,
«Тұлпармын»қос қанатты,бейне «керік».

Кенішбай:

Қарағым: «Сөйлесеңші байқап – байқап,
«Өлең», - деген су емес, төгер шайқап,



Тұра ұмтылдың «бүркіт» боп, бүремін деп,
Құлайсың ғой жіберсем «түмен» шайқал.

Мақтанбаймын шырағым ! Ақыл айтам.
Қарт «жыраумын» қашаннан, мақұл айтам,
Ақыл сөзге түсінбей, тай – талассаң,
Шыңғыртып, шым бойыңа батыра айтам.

Жәкен:

Кеншеке! Мақтайтындай жерің бар ма?,
Бетеге, берекелі бөлің бар ма?,
Балауса балбыраған балдыр құрақ,
Қаз жүзіп. үйрек ұшқан көлің бар ма?,
Қу тақыр, қуаң жусан, құмайт шөлде,
Тұншығып жатырсың ғой, тозаң – шаңға,

Кенішбай:

«Ақыным» аңдап сөйле, «тал» да байлық,
Болмайды «тал» болмаса, «отын сайлық»,
«Отынсыз» жарты сағат тоңып көрсең,
Қысымы болар саған, жарым айлық,
Жеріңнің «талы» бөлек «Ақтоғайдан»,
Жазықсыз нең бар еді, малға жауып.

«Қоңырат аудандық» «Қызыл ту» газеті 7- «Қыркүйек»,
1944- жыл.



Маясар ақынға арнау

Сайраған: «Майеке! Сіз – бақ та «бұлбұл,
«Тұлпар»ең топтан озған, бұрып даңғыл,
«Сұңқар»ең, сөзің қырап қиядағы,
«Бұлбұл»ең, қапастағы ұядағы.

Күрмеліп «қызыл тілің»сұм «дәуірде,
Болмады жас өмірдің тиянағы,
«Алтынды» қола етті, жауыз «патша»,
Ерікті ол уақыт та.ат салыс са,
«Бұлақтың» бітіп жатқан көзін аштың
«Жауыздар»көрмеді ме? бұрын аңса.

Халыққа «тарих»болдың «Тарлан – бөзім»,
Шырақтай жарқырады «екі көзің»,
30 – жас, қайта жасап толған кезің,
Жасарып жас өмірдің, құрдың «тезің»,
Есігін аштың міні «алтын қордың»,
«Шешілдің» шырмауынан, «құрған тордың».

Майеке! Іштің жаңа, «нұрдың суың,
Алдында «Жамбыл – Жәкем!»үлгі салып,
Көтердің 65 – те, «жырдың түнін»,
60 – та, «жыр»толқытты, «тіл мен жағың».

Көкке өрлеп көтерілді, «ұшты»бағың,
Келгендей қайта айналып 25 – жас,
Қарайып қайта шықты, «сақал – шашын»,
Түспеді жас күніндей ұлыбұғың.

Арманда өтіпті ғой, жас өмірің,
Қаладың «жыр»еркесін, 65 – жаста,



«Ұмытпас» әрқашан да, кейінгі «ұлан»,
Майеке! Түнің кетіп, шықты күнің,
Ашылды бұғып жатқан «іштен жырың».
Алыстан: «Атақ алған, даңқыңды естіп,
Қарсы алып, қуаныш та, барлық елің».

«Алматы» барған жерің, «Алтын ордаң»,
Жұмақтай салтанаты «болат қорған»,
«Құсымен»бұлтты бұзып сайрандадың,
Майеке!: «Енді болмас – Сіз де арман».

Майеке!: «Көріп қайттың, «ойын – сауық»,
«Бәйгі»алдың, «олжа»таптын жалғыз шауып,
Жеткізген бұл бақытқа – ұлы Сталин,
Астыңа «ат»мінгізді, «шапан»жауып.

Майеке!: «Іздеп келдім – «мен»сәлемге,
Әйгілі «ән мен жырың»бар әлемге,
«Ініңмін»- артыңдағы «жеткіншегің»,
«Ала шық» - өзің шыққан «Сарбеліңе».

«Төменнен»аяқ басып, шықтың «өрге»,
Жамандық - «жағың түспей, кемдік көр ме?
Майеке!: «Отаныңды жырмен қорғап,
«Халқыңды»- қара жолмен, «түзу»жүр де».



Келіп ем «Қарасаздан» қанат самғап

«Арқаның» шыңға шыққан «шынарындай»,
Өмірдің жағып қойған шырағындай,
«Болаттай» берік, күндей жарық елдің.
Шарықтап шыққан жанмын «қыранындай».

«Заманым»- Сталиндік алтын «ғасыр»,
Орнаған адамзаттың мұрадындай.
Жас өмір еркелеп тұр нәрестедей,
Адамның арман еткен қиялындай.

Қапаннан келем жырлап, елдің даңқын,
Көтеріп күн шұғылалы – Отанындай,
Тағы да ақтаратын кезім келді,
Өлеңді – «Азатаудын» бұлағындай,.

Қасымда сен отырсың, уа Тұңғышбек,
«Ақын» ең, егіз туған «сыңарымдай»,
Көптен – ақ, кездесе алмай есіміменен,
Жүр едім кезіксе, - деп сірә мұндай.

Келіп ем, «Қарасаздан» қанат қағып,
Елімнің «ой» мен «жерін» түгел шарлап,
Ақыны «Айғыржалдың», сен деген соң,
Әдейі «айтысуға» келдім арнап.

Көсіліп «ақын», - деген осындай да,
Жүйріктей, «өр бәйгеге» қосылмай ма?,
Сапырған сар қымыздай, тәтті өлеңдер,
Арындап «ақын» селдей жосымай ма?.



Ағызып аса шапса, биік өрге,
Леспес шабысы ма? ескен желдей,
Тұңғышбек ! Ақын болсаң – бұғып қалмай,
Даусынды шығар енді, бүгін сен де.

Сайрандап «сахараны» самал желдей,
Ел кездім «ақындықпен» тыным көрмей,
Тұңғышбек! «Артық сөйлеп асқақта ма?
«Мен – Жәкен» талайларды, көргем сендей.

Алды ма ? Асқар тау боп шықсаң дағы,
Кеткем жоқ. «айтысканның»- бірін жеңбей,
Маясар, Кенішбай да – ортаға алған,
«Болдырып» орта жолда «шаппай» қалған.

Дәл бүгін – «Айғыржалдан», «Қарасаз» зор,
Ендеше, кетесін сен қалай көнбей,
Төрелеп «әділ жұртым» тұрса аңдап,
«Жүлдені» кімге берер? Маған бермей.
Арындап қойқанда ма? Тұңғышбегім,
Өзіңнен басқа жанға көңіл бөлмей,
Сен «сері» боп жүргенсің, бұрын сондай,
Кезікпей өр «ақынға», мына мендей.

Көрмеппе ең «Қарасаздың»- тасқын суын,
Айнала шулап ұшқан қаз бен қуын,
Тулаған асау дүлей көкті соғып,
Жұпардай иісі аңқыған, алтын белін.

Майысып жас қайындай біткен құрақ,
Сылдырлап күміс суы, бейне «сынап»,
Жер түгіл кара тасты балқытады,
Шүмегін «тоғанымның» ашам бұрап.



«Тезекбай», «Қайрақты»мен «Ұзынөлке».
Ертеде коньы болған, барлық елге,
Жасасқан осы жердің – «қарттарымен»,
«Тоганды»кіндіктес боп,жермен бірге.

«Сырлытам», «Бидайық» пен «Қараганды»,
«Ақшоқы» ортамызда жаққан шамды,
Керіліп «Кермаралдай»төсіп ашып,
Байлықтан елді бастан шырқап алды.

Теңеуге «тілім»жетпес, жер шұрайып,
Аптығып асып – тасып не қылайын?,
Гүл майы көктей жазық көлбеу жатқан,
Құлпырып масағыдай егін – жайым.

Көз жетпес «Қарасаздың»аймағына,
Салынған сәнді қала, жан – жағына,
Сардала, сай – саланы күңіретіп,
Тел өскен «елімменен» мал тағы да.

Жүйрікпін жасымнан – ақ, шыға шапқан,
Биіктен «дауылдаймын» аса соққан,
Күші ме? «Арыстандай»кірген кезім,,
Тұңғышбек! Қапы қалмай, енді сақтап.

Айтайын жетістікті тыңдаңыз ал
Көрнекті «колхозымда»табыстар бар,
«Планды»малым түгел орындалды,
«Акыным» - бұл жағында есіңізге ал.

Ақсарбас ақтылы қой жер қайысып,
Құйрығын көтере алмай,белі майысып,



Мал басы, ай мүйізді «қошқар – теке»,
Алысқан «палуандай»жүр сайысып.

Маңырап қой ішінде, «қозы – лақ»,
Аққуға үн қосқандай, салсаң құлақ,
Тау мен тас «сардаланы»күңіретің,
Кеткендей жер дірілдеп, аспан құлап.

Қой баққан 10 – жыл бойы, «малшы – шопан,
Шығынсыз баққан малы, келеді аман.
Еске алып «ер»еңбегін «жоғарғы» орын,
Төсіне наградтап «Орден» таққан.

«Ортаға»- мүшелердің сіңген тері,
«Қарасаз», «Қайрақтымен»- туған жері,
Шай – шайт, - деп ұйықтап жатса күркелерде,
Қойыменен туысқандай бір мінезі.

1944 – жыл



«Жәкен мен Маясардың» айтысы



Жәкен:

Ассалаумағалейкүм, акын қартым,
Білесіз қартайсаң да, сөздің парқын,
Ісіне игілікті Ұлы Отанның,
Қарайды қандай көзбен, барлық халқың ?

Малың көп, тамағың тоқ, тұрмыс болса,
Адамның болады екен, жүзі жарқын,
Қоғамға еңбегі сіңген, Ер өркендемек,
Біледі жас бала да, мұның парқын
Өлеңнен нәтижелі іс шықпаса,
Не керек құрғақ «айтыс», таяз қарқын.

Қазақтың «ата – мұра», салтын істеп,
Майеке: «Айтысқалы келдім іздеп,
Көшелі көпті көрген, «акын» едің,
Қызған да сөз шығатын тізбек – тізбек».

Аямай әлін жетсе, қаршып қара,
Ойла ма ? бала бүркіт жеңілер – деп,
Бұл топта мініңді айтып, тап бермесем,
Келгем жоқ, беттегеннен шегінем, – деп.



Аузыңнан шыққан сөзің, жұртқа жағып,
Жаршы боп бастасаң да, дабыл қағып,
Жарыста Ұлы дүбір, көшке ере алмай,
Колхозың қалып қойған, артта нағып?

Маясар:

Қарсы алдым сәлеміңді «акын»інім,
Атақ алған «ақынсың», көп білемін,
Егін – шөп, сабанымен орындалған,
Ақынның жұмысының көрсең түрін,

Малым өсіп, еңбегіміз гүлденіп тұр,
Таба алмайсың, жұмысым да кемшілігін,
Үкімет тәрбиелеп көтерген соң,
Сайрады - домбыра мен қызыл тілім.

Аңдап бас аяғыңды. «акын»інім.
Осы елдің, мен де өзіңдей «ақынымын»,
Байқап сөз аяғыңды – көрпең шағын,
Бұл саған, біле білсең – ақыл «інім».

Қой өрген «қотанында» мыңнан аса,
Айтыста ақсатушы еді, «ақын»кім?
Алқапты алып жатқан, қалын сиыр,
Сездіретер жеңетінін, ақыры Кім?
Айтқыш болсаң әуелі, өз мініңді айт,
Сен соны айту үшін шақырылдың.

Көргелі Колхозымды,іздеп келсең,
Айта бер, кемшілікті болса мінім,
Жүз он төрт бала оқып, Мектебімнен,
Кластан «Сегізінші» алды «білім»,
Ат бойы – кісі бойы, егінім тұр,
«Қорғалап»калай шықпай, қалады үнім.



Жәкен:

Майеке!: «Сөзіңіздің мақтаны көп,
Ойла ма? Мақтан сөзбен ақталам, - деп,
Отыз бас орта малдан «аусылың»бар,
Болмаңыз, бекер ауруың жасырам, - деп».
Отыз малды бір жылда шығындатқан,

Отыр ма? «Колхозыңды»мақтағың кеп,
Айта гой, «бригадир» Баймұратов,
Колхоздың шөбін ұрлап сатпады, - деп.
Отанның алғыр – көргіш, «қыранымын»,

Мен келдім кемшілікті, «ақтарам»,- деп,
Майеке !: «Менің сөзімнің бәрі де анық,
Кемшілік «Колхозыңда», айдап анық,
Өлеңмен айтқызамын, мен шындықты,
Алдында көпшіліктің, қал ма? ұялып».

Маясар:

«Колхозым» алға басқан, сапасы артқан,
Аралап: «Шетінен «сен», байқап қара,
«Айғыржал», «Қызылтеңдік»қатар колхоз.,
Көңіліне «көпшіліктің», сал ма? жара,
Көктемде «Көк атыңды», кім өлтірді?
Сол жағын Сен де «жаным»ойлап қара».
Қасқырдай қарсы шаптың, Жәкен бала,

Жауабым: «Қайтаратын, Сізге мына,
Ажал себеп емес пе? жаны барға,
Отыз бас, - деген сөзің, бәрі жала».
Бірлі – жарым болмаса, шығыным жоқ,

«Планды»малым түгел, өзің сана,
Бір «антұрған» шөп сатып, пальто алғанын,
Өзім де, - дей алмаймын жапқан жала?



Жәкеп:

Майеке ! «Өлшенер үш елідей – істің ағы,
Адамның «зәредейден, қайтар бағы,
Гүлденген «Қызылтеңдік»колхозы ма?
Жетпейсің, «қос ат»алып қусаң дағы»

Шалмаған: «Сан бәйге де,шаң «шашамды»,
Дарытпас жүйрік болып, тусаң дағы.
Қызған да «Қызылтеңдік» жапаттырмас,
Жарыста «қос атпенен, қусаң дағы».

Құр мақтап, қораңа кеп шөп бола ма?
Күнәнді жел сөзбенен, жусаң дағы,
Үйілген баз басына, бір тал шөп жоқ,
Кеше алмас, «күр сөзіңді» мұван тағы.

Маясар:

Ақыным: «Көң»басында, базың бар ма?,
Өзің айт: «Егін – шөпте жазым бар ма?,
«Тасболат» таңғаларлық сиыр базым,
Тау да тұр, көзің көрсін азырқан ба?».

Қой семіз, қозым семіз, сиыр сүтті,
Колхозың «Айғыржалдан» артық канша?
Соғысқа «Отан үшін, қарсы шабам,
Жояйық «кемшілікті», сонша ынтам.

Май мен сүт, жұмыртқадан бөгелемін,
Өзгеден бөгелмес ем, жан шыққанша,
Жүз он төрт центенер, тұқым артық «планымнан»,
Кемдік бар, жылқы менен сиыр малда.



Жәкен:

«Асыл сөз»- қалам алсам шығады ойдан,
Бұзылмас адам тұзу, жүрсе жолдан,
Жүз алшыс қойым артық «планымнан»,
Май мен сүт, жұмыртқа – жұп орындалған.

Міндетті түрлі қаржы «полставкеден».
Бірінші «Қызылтеңдік»орын алған,
Егін – шөп, мал өсіру орындар да,
Жерім жоқ, орындалмай кейін қалған.

Құтылып түрлі қаржы борышынан,
Майске! : «Жараспайды сондай мақтаң,
«Ауруды елемеген өлер,- деген,
Аяғы «құртқа»шабар, ерте сақтан».

Әбішім Малшыбеков Мәскеу барған,
Ардақты «Стаханов» атақ алған,
Мақтайсың Жүмаділіңді «Стахановшы. - деп,
Атағы бұрын шықса, қайда қалған?».

Сан рет, жақсы ісі үшін мақтау алған,
Әбішім 75 – те, Мәскеу барған,
Жүмаділ – сол «қариядан»асып түсіп.,
Атағы бұрын шықса, қайда қалған?».

«Ударник» Әшім, Мешел Арыстанов,
Қалмай жүр, Еңбек ері қатарынан,
Біреуі – Бес кісінің ісін істеп,
Көпшілігі – Үкіметтен алғыс алған.



Мүшесі Партияның - Әлиманым,
Қияды Отан үшін, шыбын жанын,
Қолымен Еңбек істеп, елді бастап.
Қарайды жақсы көзбен, орта малын

Қаһарман! Медаль алған батыр Ысқақ,
Мақсаты: «Отан қорғау – еске сақтап
«Ту»тіккен, атқан оққа, қарсы шауып,
Үлгілі қап Майданда, салған сөкпақ»,

«Тылдағы»туған – туыс, семьясы(жанұясы),
Ерлік қып, ат бауырынан қап ағызған,
Ел – жұртқа,берген антып берік ұстап.
Бұлжытпай еңбек жолын, отыр ұстап.

«Ударник»атақ алған «доярке»де,
Кімің бар? Тең келетін Ақмөңкеге,
Тәмпиева Ұркия, Елеуі ме?,
Жұмаділің келе ме? теңеуіңе,
Майеке!: «Айтысты қой, тоқтат енді,
Бұл жолы – қолыңды әкел жеңуі ме?».

Маясар:

«Айғыржал» қатар қонған «Қызылтеңдік»,
Қоғамға Отан үшін еткен ерлік,
Бидайым өткен жылы, бітік шығып,
Қарызға Бес «колхозға» бидай бердік..

Кемшілік кездесе де, жеңіп шығар,
Адам көп әр жұмыста, еткен ерлік,
Соның бірі – «екпінді» Жұмаділім
Міні жоқ, тал бойында кемітерлік.



Мал өсіп, егін – шөптің сапасы артып,
Есем жоқ, өткен жылдан еш кемшілік,
Ұшын бер шылбырыңның Жәкен ақын.
Былгелі жер шарасын., біз де көрдік.

Екінші - «Ударнигім» Ұру, - деген,
Ешкімді көтермейтін бұруменен,
Нормасын орындамай, бір тынбайды.
Ерінбей, ұйқы көрмей журуменен.

Токина, - деген «ударник», бір әйел бар,
Онда жоқ, дамыл көріп «тұру», - деген,
Даданбаев «ударник»- бір Ерім бар,
Шөпке дамыл бермейді карауменен.

Еңбекте бар адамнан, шоқтығы асқан,
Жөн болар Гааббасымды таныстырған,
Жарыста бәйгі атындай, «жүлде»бермей,
Кімің бар? Осылардан асып тұрған.

Қаппас, - деген бір бала Еңбек ері,
Еңбек істеп «қоғамға» көмек берген,
Жүрт сүйсінер атақты - Ерлерім бар,
Майкең !: «Жеңіледі қалай «сенен»?

Жәкен:

Майеке!: «Білуші едім мұндайыңды,
Аралап біліп алдым, мен жайыңды,
Ішінде»складтың», бір дәнін жоқ,
Сақтайсың қай «колхозға»бидайыңды.



Қоғамға, өзіңе де пайдасы жоқ,
Қоймасаң жылда – жылда өрлеуіңді,
Бидайды көп алдым, - деп мақтанасың.
Қоймасын жел соқса бір, сораң сорды.

Маясар:

Білемін Әбішінді, Мәскеу барған,
Әркімдер «Стахановшы»- деп атақ алған,
Батпақтап жерді елім суармаса,
Егінім кісі бойы, қалай шыққан?

Жапақов Оспан, - деген «Стахановшы»
Орғаның «ақырапы», жер суарған,
Бекітіп біздей «қарттар», беріп отыр,
Жері жоқ, Ұлы еңбектен, кейін қалған,
Ерте тұрып, кеш жатып еңбек істеп,
Отан үшін, аянбай қызмет қылған.

Жәкен:

Халыққа мағлұм болған - Жәкен ақын,
Майеке! Көрініп тұр бір үрейің,
Алдыңғы берекелі – бір «колхозын»,
Қаңырап тақыр тұр ғой «складың»,

Планың май мен сүттен орындалса,
Сен де жоқ, тимей жүрген менің ақым,
Болмайды тоқтауы жоқ, сөз табатын,
Құрайды «өлең – жырды», тіл мен жағым,

Терліков кешке жақын, ұстап алған,



Майауыз бидай ұрлап, ақша алғанын,
Ағатай!: «Бұл сөзіңмен ақталмайсың,
Бидай ұрлап, кісіден ақша алғанын».

Майеке! «Сөйлегенде, аузың елті,
Біз қазып сөйлеспейміз ата – текті,
Ақтайсың - бұл сөзінмен Ақшолақты.
Қайрат қып қоярсыз Сіз Нұрқамбекті.

Қылмысы «куәлердің» айқындалса,
Үш жылға «Аудан» соты, үкім етті,
«Шағымын» кусаң дағы, кеше алмайды,
Жұмысы бір – ақ соттан, бекіп кетті.

Болмайды – олең үнім, үйрет тілін,
«Ақсақал»түзу сөйле, бер бетінді,
Өткен жыл бидайыңа, «қасқыр» шапқан,
Қырманның көрмең не едің, сүйір тісті ?

Маясар:

Бұл «ақын»өткен жылды, көрмей отыр,
Сөзіне Маекеннің сенбей отыр,
«Бес» колхоз «полставкеге»қарыз алып,
Аяғы бағушыға тимей отыр.

Қазірде «складтың»бос тұрғаны,
Ішіне сұлы – бидайым, түспей отыр,
Мүшесі – «Айғыржалдың» айтыңдаршы !,
Сөзіме мынау «ақын»көнбей отыр.

Бидайды «Колхоз»қарыз алғандығын,



Десем де «олла – біллә» сенбей отыр,
Басқармаға бер ме? - десем, тіл алмаған,
Көпшілік, осы арасын, көздей отыр.

Жаным – ау! Байтуовтың - не білгені,
Майкең! Сенен қалай жеңілгені,
«Ақшолақ» қыстағында, бидай орылған жоқ,
«Арбаға» - буып салғанда төгілгені.

Шырағым ! Жерім қайсы, сімірмейтін,
Іс бар ма? Өділ сотта шешілмейтін,
Күнә ғып жоқтан барды, тізіп алып,
Бойымды «сен»болдың ғой өсірмейтін,
Бөгелдім май «иланы» орындалмай,
Атақты «акып»едім сүрінбейтін.

Сөз тапқыш «Жиреншедей» шешен едім,
Құлықсыз болдым «мылқау», - жол білмейтін,
Бұл жұмыс «Зав. Ферменің» кемшілігі,
Кезім еді «Айғыржалды» бір сүйрейтін.

Жәкен:

Колхозым «Қызылтеңдік» басқан алға,
Қойылса «Социалдық» өсем жолға,
Жібек жал, күміс құйрық жылқымменен,
Қой – сиыр «қотанымда» толды малға.

Қызықты, қызығарлықтай малым семіз,
Мал базын ремонттап, алдым тегіс,
Жетерлік мал азығын, үйіп – жинап,
Жетерлік қып береміз, қамтамасыз,



Шөп шабу, егін жинау мезгілінде,
Қалдырмай уақытында - біз бітіреміз,
Немістен азат болған бауырларға,
Он бес бас, көмек үшін мал береміз.

Кірді ғой елдің сәні, мал біткен соң,
Тұрмысқа «Социалдық» қол жеткен соң,
Жасарып жапырақтай, жас пен қартты,
Санасы өсіп, ел түзелді «мен»кеткен соң,
Майке! Айтысты ғой, тоқтат енді,
Кетеуін оңалмайды, бір кекен соң.

Маясар:

Еңбекке ерлік еткен «колхозшы»елім,
Егін – шөп, кен байлық та менің жерім,
Егінді ысырап қылмай, жинап алсақ,
Дұшпанға көрсетілер, сонда ісім.

Көсемге: «Халық шынын жазған хаптан,
Мүлтіксіз іс – жүзінде, сенім бердік,
Кірмекке: «Мен де 50 – інші болып, қолды қойдым,
Қамқорлық «бауырларға» көрсеткенім».

Білесіз Жәкен ақын, сөздің ығын,
Тыңдаусыз сөз кетпесін, босқа шығын,
«Ақыным» - жүзің жылы, тілің - ащы,
Сен таптың «Колхозымның» кемшілігін,
Жоярмын: «Еске алып «Партияның» басшылығын.

Жүруші ем «Інім» сені, өзі ме балап,
«Ағаңды» - женемін, - деп еттің талап.



Қатесін «Колхозымның» түзеп алып,
Болмаспын келешекте, біз де салақ!

Сен жеңдің, мен жеңілдім. Жәкен «ақын»,
Көгерміз тірі жүрсек, артын бір – ақ,
Жолын бер! Адаспаңдар сара жолдан,
Айтатын көпшілікке, сөзім осы – ақ!

1943 жыл

Көкжайдақ

(поэма)

*Автор: «Сарқылмас қор,
ұмытылмас жыр боп қалды.
Ерлердің елімізге салған жолы».*

Тартысқан ерте кезде қазақ–қалмақ,
Егесіл жеңген жағын шауып, алмақ.
Қазақтың ел өспеген ері аз кезі,
Халыққы түсу керек ауыр салмақ.

Қалмақтан Түлек деген батыр шығып,
Қазақтың жер мен суын басып алмақ,
Қалмақтан қазақ үркіп көшіп қашты,
Халықты қара тұман қайғы басты.

«Ақ табан шұбырыншылық» халге ұшырап,
Ағызды қан аралас көзден жасты.
Күшімен ақ найзаның ұшын жұмсап,
Бүлдіріп, шаруаны төгіп- шашты.



Көп болып қалмақ қолы, қазақ аз боп,
Соғыста талай ерлер қаза тапты.
Қашқынбай, Ер Сазанбай, Қосағалы,
Айбатты арыстандай батыр бәрі,

Соғыс көріп жорыққа аттанбаған,
Қазақта жас батырлар болса – дағы.
Көп болып қалмақ қолы, қазақ аз боп,
Ерлердің осы жолы сынды сағы

Жылқы алды желі қиып, елді шауып,
Құтырған жолбарыстай жерді қауып,
Халықтың қорғауына күші жетпей,
Ерлерге үлкен қатер төнді қауып.

Шапты елді, күңіrentіп сары даланы,
Шулатып кеп кемпір мен ал жас баланы.
Аударып қазақ елін Сарыарқадан,
Қонысын тартып алмақ болды арманы.

Қазаққа қалмақ үлкен қылды зорлық,
Шұбырды қазақ елі шөлді жол қып.
Ерлердің мінуіне аз табылмай,
Қағысқан қан майданда көрді қорлық.

Ел шауып қалмақ кетті, қазақ қалды
Сазанбай қапа болып ызаланды.
Бір терең тұңғыық ойға шомып
Бастауға бір әңгіме ойына алды.

Ағызып ер Сазанбай көздің жасын
Жинап ап үлкен – кіші, кәрі – жасын



Қатесін «Колхозымның» түзеп алып,
Болмасын келешекте, біз де салақ!

Сен жеңдің, мен жеңілдім, Жәкен «ақын»,
Көрерміз тірі жүрсек, артын бір – ақ,
Жолын бер! Адаспаңдар сара жолдан,
Айтатын көпшілікке, сөзім осы – ақ!

1943 жыл

Көкжайдақ

(поэма)

Автор: *«Сарқылмас қор,
ұмытылмас жыр боп қалды.
Ерлердің елімізге салған жолы».*

Тартысқан ерте кезде қазақ–қалмақ,
Егесіп жеңген жағын шауып, алмақ.
Қазақтың ел өспеген ері аз кезі.
Халыққы түсу керек ауыр салмақ.

Қалмақтан Түлек деген батыр шығып,
Қазақтың жер мен суын басып алмақ.
Қалмақтан қазақ үркіп көшіп қашты,
Халықты қара тұман кайғы басты.

«Ақ табан шұбырыншылық» халге ұшырап,
Ағызды қан аралас көзден жасты.
Күшімен ақ найзаның ұшын жұмсап,
Бүлдіріп, шаруаны төгіп- шашты.



Көп болып қалмақ қолы, қазақ аз боп,
Соғыста талай ерлер қаза тапты.
Қашқынбай, Ер Сазанбай, Қосағалы,
Айбатты арыстандай батыр бәрі,

Соғыс көріп жорыққа аттанбаған,
Қазақта жас батырлар болса – дағы.
Көп болып қалмақ қолы, қазақ аз боп,
Ерлердің осы жолы сынды сағы

Жылқы алды желі қиып, елді шауып,
Құтырған жолбарыстай жерді қауып.
Халықтың қорғауына күші жетпей,
Ерлерге үлкен қатер төнді қауіп.

Шапты елді, күңіреттіп сары даланы,
Шулатып кеп кемпір мен ал жас баланы.
Аударып қазақ елін Сарыарқадан,
Қонысын тартып алмақ болды арманы.

Қазаққа қалмақ үлкен қылды зорлық,
Шұбырды қазақ елі шөлді жол қып.
Ерлердің мінуіне аз табылмай,
Қағысқан қан майданда көрді қорлық.

Ел шауып қалмақ кетті, қазақ қалды
Сазанбай қапа болып ызаланды.
Бір терең тұңғыық ойға шомып
Бастауға бір әңгіме ойына алды.

Ағызып ер Сазанбай көздің жасын
Жинап ап үлкен – кіші, кәрі – жасын



Сыйынып Орта жүздің аруағына
Құдайға айтып, шалды бозжорғасын.
Сөйледі ер Сазанбай көпке қарап,
Қашқынбай, Қосағалыға көзін қадап,
Қысқыртып сөз аяғын көп ұзатпай
–Қалмақтан көрдік,–деді–үлкен азап.

Өш болды мына қалмақ біздің ұлтқа,
Шоқитып отырғызды елді жұртқа.
Мінетін тұлпар тұқым ат іздеймін,
Әйел боп отырғанша ескі жұртта.

Ат болса алмас па едік жаудан кекті,
Кезінен соны айтты да жасын төкті.
Естіген «ұзын құлақ»бір хабардан,
Бар дейді бір Көк тұлпар асыл текті.

Сарттың Тәшкенттегі Бектербегі,
Аузына қарайды екен барлық елі,
Сол Бекте бір тұлпар бар деп естимін,
Деуші еді Теке Жәуміт шыққан жері.

Жүремін осы жолы тұлпарды іздеп,
Халық үшін өлсем жолда арманым жоқ.
Көк тұлпар сәті келіп қоға түссе,
Аламыз жауымыздан қайткенде кек.

Соны айтып жүрмек болды ер Сазанбай,
Жеткенше көк тұлпарға сабыр қылмай,
Қол ұстап көпшілікке қош айтысып,
Атанды Тәшкен жаққа мойын бұрмай.



Сазанбай сол бетімен кете барды,
Жас батыр Орынбайды жолдаска алды.
Өскен жер, туған бауыр, катын – бала,
Баққан ел, тату кұрбы бәрі қалды.

Жорытып күндіз–түні ұйқы қашты,
Аттарын арындатты қамшы басын.
Үстіне Көкжайдақтың бір мінсем деп,
Жеткенше ер Сазанбай болды асық.

Бетпақтың шығып кетгі даласына,
Күп өтті үш–төрт жеті арасында.
Жорытып жолбарыстай күндіз–түні,
Тәшкеннің келді кіріп қаласына.

Қаланы бұлар келіп аралады,
Мән–жайын ойға тоқып саралады.
Әркімнің өз жұмысы өзіменен,
Кімің деп ешбір адам карамады.

Бір үйді пәтерге алды ақша беріп.
Он күндей жатты сонда жайды көріп,
Жағдайын Көкжайдақтың біліп алды.
Далада жылқышыға үйір болып.

Сазанбай, Орынбаймен шықты оңаша,
Бүгін түн іс қыламыз бір тамаша,
Не өліп, не аламын Көкжайдақты,
Көремін бір тәуекел не де болса.



Асықты ер Сазанбай батса күн деп.
Сәті боп Көкжайдақты түсірем деп.
Айтқанша күн де батты, күнгірт тартып,
Сарайға жүрді бағыр бетін түзеп.

Сарайға жетіп келсе есік берік,
Күзетші айналып жүр дыбыс беріп.
Сазанбай бір тасаға тұра қалды,
Түлкідей жалт берген қыран көріп.

Көрінбей бағыр сонда тұра қалды.
Аялдап бір азырақ демін алды.
Күзетші дыбыс беріп біраз жүріп,
Ауған соң түн ортасы ұйықтап қалды.

Күзетші ұйықтап қалды қара басып,
Сазанбай келді есікке ептеп басып.
Салынған Үш балталы қара құлып,
Қолымен бұрап тастап алды ашып.

Ашылып шалқасынан қалды есік,
Кірді де Көкжайдақты алды шешіп.
Бір жауды тап сол түні қыратындай,
Көңілі сазанбайдың қалды өсіп.

Үстіне Көкжайдақтың ырғып мінді,
Секіртіп Орынбайға жетіп келді.
Тілегім іздеп шыққан орындалды.
Жолдасым, ақжолтайым жүрсін деді.



Түзетті батыр бетін елге қарап,
Күйінде түскен тұлпар әбден жарап
Күндіз – түн тыным алмай суыт жүріп,
Келгенде ел шетіне түсті бірақ

Әкелді Көкжайдақты іздеп барып,
Жол жүріп бірнеше күн ашып-арып.
«Тұлпарға құтты болсын айтамыз»- деп.
Жиналды кәрі мен жас – бүкіл халық.

Сазанбай айтты көпке жоқ арманым.
Бір тұлпар міну еді ынтазарым
Тілегім ойдағыдай қабыл болды.
Құрбандық халқым үшін шыбын жапым.

Ат болмай жауға шабар болдық мешел,
Келтірді есер Түлек елге кесел.
Жауынан біздің қазақ жеңілер ме еді.
Ат болса Көкжайдақтай желдей есер.

Пәнде қып бас игізу қазақ елін,
Күшімен асып алу су мен жерін.
Қаратып өз аулына қорғалатып,
Құл етпек бар мақсаты атакты ерін.

Түлектің қиянатын көрдің елім.
Кесермін жау қалмақтың енді белін.
Ойрандап ақ ордасын талқан етіп.
Халқымның қайта аламын өскен жерін.

Бітірді осыменен сөз аяғып,
Жемеспіз бұдан былай жау таяғын.



Қосағал, ер Қашқынбай тілек қойды.
Тезірек сайлайық деп жау жарағын.

Сазанбай жауап берді Қосағалға.
Бетінді қайтарғанды көңіліңе алма.
Баурына 15 бие үйір салып.
Ер басы ие болсын бір тұлпарға.

Ер басы 4-5 жылда тұлпар мінсек,
Алмай ма қандай жаудан кегі болса.
Сазанбай қойды көпке бұл талапты.
Қашқынбай, Қосағалы бек ұнатты.

Көпшілік осы сөзге қосылдық деп,
Келісіп батырлармен ел тарапты.
Сазанбай үйірге сап Көкжайдақты.
Туар деп ығи тұлпар көңілі шатты.

Қолына құрық алып жылқышы боп.
Баурына 15 бие салып еді.
Ерінбей ертелі-кеш өзі бақты,
Ішінде бір жетінің түгел шықты.

Түп-түгел буаз болды 15-і де,
Соңынан бір қалмады күндіз-түнде.
Желіндеп биенің де күні бітіп.
Таянды құлындайтын мезгілі де.

Бәрі де құлындауға мезгіл жетіп,
Сазанбай баққан бір жыл еңбек етіп.



Биенің құлыны шықпай «үйін»жарып,
Ов бесі түгел өлді ажал жетіп.

Көкжайдақ жалғыз қалып азынады,
Күйініп Ер Сазанбай қамығады.
Ішінен бір құлынды жарып алып,
Ене жоқ еміздікпен асырады.

Сазанбай бұл жұмысқа болды нала,
Еңбегім бір жыл баққан болып зая.
Арқаның биесінен құлын тумас,
Окелмей өз «бедеуін»болмас сірә.

Бір тұқым Көкжайдақтан ала – алмасам,
Не керек жиган мүлік, қатын – бала.
Сазанбай ұшырады көп зиянға
Түбі жоқ жүзді терең бір қиялға.

Тағы да Орынбайды жолдасқа алып,
Қайтадан жүріп кетті ол сапарға.
Сазанбай ұшырады көп зиянға.
Түбі жоқ жүзді терең бір қиялға.

Тағы да Орынбайды жолдасқа алып,
Қайтадан жүріп кетті ол сапарға,
Сазанбай тағы жүрді ұзын тартып,
Бойына ауыр жолдың жүгін артып.

Жол жүріп бірнеше күн тыным алмай,
Тәшкенге келді батыр қажып – талып.
Жататын шеткеріде бір үй тапты,
Бір күн аунап – қунап демін алып.



Бедеуді қалай қолға түсірем деп,
Сазанбай терең толқын ойға батты.
Осы жолы Сазанбайға бір үлкен жүк,
Айырылып Көкжайдақтан сандалған бек,
Қайткенде алған жауда кетпес деп кек.

Мақсаты тұқым алу үйірге сап.
Алған жоқ шығыс ат қып мінемін деп
Көкжайдақ тума малы болып кетті.
Артынан ешкім іздеп келмейді - деп.

Алғанмен құлын тумас қазақыдан,
Бір келер өз «бедеуін»аламын – деп.
Халқына: «Соны айтты да жарлық шашты,
Шет жерден келген адам аңдылсын», - деп

Шыққан соң мұндай жарлық Бекдербектен,
Күніне тексерілді келген – кеткен.
Бір адам Бекдербекке хабар берді,
Кеп жүр,- деп бір – екі адам қашық шеттен.

Шақыртты естіген соң жендеттерін.
Мойнына артып сайлап міндеттерін.
Шет жерден бір – екі адам кеп жүр дейді,
Ұстандар біліндер де жатқан жерін.

Қалт қылмай хан жарлығын кетті іздеп,
Ұстаймыз деп лепіріп тапсақ біз деп
Хабаршыны жетелеп басшы қылды,



Жатқан жерін тап басып, көрсет сен деп.

Табамын деп бұларды ертіп жүрді,
Тап осы үйде көрдім – деп алып келді.
Кіріп келсе екеуі отыр екен,
Амандасып, қолдасып, сәлем берді,

Келесіңдер қай жақтан жауап бергің,
Руың кім ? Елің кім ? Шыққан жерің ?
Екеуінді Бекке айдап апарамыз,
Көресіңдер барған соң не істерің.
Жүрген жанды бейсауат тексеретін,
Жан алатын біз деді жендеттерің.

Сұрланып ер Сазанбай түсін бұзды,
Егескенмен бола ма елден күшті.
Бір әңгіме болғанын ішген сезіп,
Арты қалай болар.- деп ойға түсті.

Екеуін Бекдербекке айдап жүрді,
Еркін алып басына қысым қылды
Жан – жағына қаратпай алдына сап,
Сол бетімен сарайға алып кірді.

Екеуін тік тұрғызып тергеді Бек,
Бұл жаққа не жұмыспен келдіңдер – деп.
Өлім көрмей, өмірді көрем десең,
Шындықты айтыңдар жасырмай тек.

Көкжайдақты өткен жылы мініп кеттің,
Келдіңдер ғой «бедеуді»тағы да іздеп.
Қаһарланды, Бекдербек ашуланды,



Түгі шығып бетіне катуланды

Танғанмен ақырыжан қалмас, - деп
«Алған мен»- деп Сазанбай мойындады.
Бекдербек жүріп сөйлеп сөз бастады,
Көпшілік оң – теріс деп жақ ашпады.
Құны үшін Көкжайдақтың құрбандық – деп
Дарға ассын – деп жарлық шашты

Бар еді сол Тәшкенде бір қария,
Даньшпан ақылыкөп мол дария.
Көп жасап 95- ке жасы келген,
Сөйлейді Бекдербекке мойнын бұрап.

Сөйледі ол қария бір аз ғана:
«Дұрыс емес беруің ерге қаза.
Ап келіп Көкжайдақты берем десе,
Өлтірмей беру керек жеңіл жаза.

Екеуін дарға аспай зынданға сал,
Өлгенмен бұл екеуі болмайды мал.
Әкеліп Көкжайдақты тапсырмаса
Жаза сол жағып жібер жалынға орап»
Бек айтты: «Мынау да бір табылған сөз,
Әкеліп Көкжайдақты берем десең,
Еліңе жолаушыңды қайтарам тез.»

Дұрыс деп ел қосылды мына сөзге
Табылған ақыл жоқ деп мұнан өзге
Қамалап Сазанбайды ортаға алды,
Көкжайдақ бар ма ? - десіп осы кезде.



Сазанбай қолға түсін, болды пенде,
Ерінің құны бар ма мына менде.
Босатам біреуіңді алып келсе,
Тұтқыннап құтыласың ертең сен де.

Сазанбай айтты сонда ерік сізде,
Отырмыз қолға түсін болып пенде,
Барып қайтып келуі бір айлық жол.
Босатсаң әкеледі Отыз күнде.

Бекдербек:- бердім, - деді 30 күнді,
Тез жетсін бірдей жүріп күндіз – түні.
Еліңе сәлемінді айт атты берсін,
Еліңе басың аттан құнды болса.

Сазанбай түсті деді біздің біздің қолға,
Жатасың ат келгенше темір торда,
Келмесе отыз күнде атты алып,
Өлуге көзің жетсін, оны да ойла.

Сазанбай айтты Бекке сөзге тоқта,
Мейлің ат, мейлің ас, отқа қақта,
Сол күнде Көкжайдақты әкелмесе,
Ырзамын қарсы байлап атқан оққа.

Орынбай қайтпақ елден атты алып,
Сазанбай қолда қалды тұтқындалып,
Кетерде Орынбайды оңашалап,
Қалайын жолдасыммен амандасып.



Тезірек Көкжайдақты жіберсін,- деп,
Айтам, - деп оңашаға тұрды барын.
Бар – деді жібердім мен тілегіңе,
Аманат тасыр туған аға – ініне,
Ел - жұртың тірі сені көрем десе

Мен үшін ел – жұртым қайғырмасын.
Сазанбай тұтқында деп ар қылмасын.
Бір қатын мен өлгенмен буаз болар,
Қолдағы Көкжайдақтан айырылмасын

Сәлем айт елге түгел қолын ұстап,
Баксын деп Көкжайдақты құстай баптап
Тартып басын тас тамға үш сокқызып,
Барамын аман шықсам тауып соқпақ.

Қалып ед жарып алған «жетім құлын»,
Түсінде сол құлынның білсін сырын,
Кейінгі «ұрпақтарға»тұкым шашып,
Халықтың бір туғызар ай мен күнін.

Соны айтып ер Сазанбай қалды қолда.
Орынбай «қош»айтысып шықты жолға,
Ел үшін, елге қанат, тұлпар үшін.
Байлады қыршын жасын өлім торға.

Қоштасып, қол алысып Орынбаймен
Сазанбай қайтып келді Бекдербекке
Халқы үшін тоқты болып құрбандыққа
Айырылып жолдасынан қалды жеке.

Зынданға Сазанбайды салды апарып,
Көрсетпей күндіз -- түні ешбір жарық.



Жан қиған тұлпар үшін сол батырдың,
Еңбегі «ертегі» боп қойды қалып.

Қайтқан жоқ ер Сазанбай айтқан серттен,
Тұқым көп күні бүгін тұлпар көктен.
Ерлерге ел қорғайтын міну үшін,
Өсіріп елім отыр асыл тектен.

Сазанбай өлгенімен ізі қалды,
Тұлпардың үзілген жоқ әлі де арты.
Айтады әңгімесін бүгінгідей,
Кездесіп сұрай қалсаң әрбір «қарты».

Бір құлын Көкжайдақтан қалған бұрын,
Өсуде елімізде күні бүгін.
Тұқымы Көкжайдақтың осы дейді,
Биеден туса қазір бір көк құлын.

Ерлердің ертегі ғып сол еңбегін,
Соларды – баққан қорғап ардақты елі.
Сарқылмас қор, ұмытпас жыр боп қалды,
Ерлердің елімізге салған жолы.

1945 - жыл.



Бөрі-батыр

(поэма)

Қолыма қалам алдым, жазайын, - деп,
Ойландым бір «әңгіме», бастағым кеп,
Сұрадым ойдан көмек, мыйдан ақыл,
Ерікті қызыл тілге берейін – деп.

Ойымды мый мен жүрек қабылдады,
Күбірлеп жазсаң – жаз, - деп сыбырлады,
Келісіп ой мен жүрек, мый мен ақыл,
Жазуға еркімізді, бердік, - деді.

Алған соң, қалам ерік жорғалады,
Тапқанша сөз қисытын қорғалайды,
Тереңнен «сөз асылын», іздеп жиып,
Ақындар: «Сөз құрауда қиналады»

Ақыннан дастан болып, сөз қалады,
Тарих боп, әділ Ерден із қалады,
Берген соң қызыл тілім, қаламға ерік,
Несіне бүгежектеп ойланады.

Қашан да елдің дауы, жер болады,
Қорғайтын ел мен жерді, Ер болады,
Халқына қорған болып, Ер тумаса,
Қараңғы ел, көрінгенге жем болады.

Өнер – ғылым, білімнен кенже қалса,
Ондай ел, сыбағадан құр қалады,
Жылқы алып, атқа мініп шапқанға мез,
Атаққа «батыр», - деген мас болады.



Кейбіреу: «Қарны тойса, мастанады»
Біреулер: «Балам көп, - деп топталады»
Кіші жүз, Орта жүзден шыққан батыр,
Ақсерке мен Бөрінің әңгімесі басталады.

АЙДАБОЛ, ТОҚСАН, - дейді түбі САРЫМ,
Бұлардың МАЙҚЫ, - дейді руларын,
Кемі жоқ: «АЙДАБОЛДАН - бесеу туған,
Үлкені: «Батыр боқты, ДЕРБІСАЛЫ» .

«Батыр,- деп Дебекеңді, Ел сыйлағты,
Хабарлап: «Аттанам, -деп қол жинапты»
Хабарын: «Аттанатын естіген соң,
Келмеген кәрі – жаста, жан қалмапты.

Сол кезде: «Дербісалы - Алшы бес жаста,
Білінген бағырлығы, әрбір тұсқа,
Ту ұстап: «Тұлпар мінген өңкей «Көкжал»
Жөнелді: «Шеру тартып, КҮНБАЛТЫСҚА»

Мінгені Дербісалдың «Қарашегір»
Арда емген құнанында, тайында төл,
Болар – деп осы «Тұлпар»құнанында,
Таңырқап: «Аңыз қылып, жүретін ел»

Кеуделі,қаз мойынды, қамыс құлақ,
Жіңішке алма мойын, қасқыр қабақ,
Балғадай төрт аяғы, тесер жерді,
Мұқалмас тасты басса, күйма тұяқ,
Жүргенде бүйіріне кезек қарап,
Тұлғасы жануардың, тым сұлу – ақ,
Ақкудай көлде жүзген,тым сұлу – ақ



Теке сан, ойық желке, қақпан белді,
Тамсантаып, таңырқатқан көрген елді,
Ат туар: «Ерге ылайық, - деген рас»
Мінуге жақсы «ат»қып, тура келді.

Ту ұстап: «Қол жиналды, беті НАЙМАН,
Көрген жан, түрлеріне қайран қалған.
Бұл жолдан, еркек кіндік жан қалған жоқ,
Жай жатқан «бейкүнә»елге, салмақ ойран.

Бұлардың бара жатқан, НАЙМАН беті,
Күн өтті, екі ортада Үш – төрт жеті.
Күндіз – түн, екі арада бірдей жүріп,
Өзенге «Қайнар». - деген барып жетті.

Ағыны жоқ: «Қайнар», - деген, көзді бұлақ,
Көк шалғып, жағасында біткен құрақ,
Мінетін Алты күнде, ат семіртіп,
Саз Балқаш шөбі шүйгін, жері ұнамды – ақ.
Басына осы судың, «қол»тоқтады,
Алмаққа тамақ ішіп, атын сулап.

Қалың «қол»дуылдасып, аттан түсті,
От жағып, бақыр асып, асын ішті,
Күн шыға, бұлар суға келіп еді,
Ас ішіп, ат шалғанша сәске болды.

Дербісал оқшау жағып, көзін ілді,
Ғажайып жатқан жерде, бір түс көрді,
Оянып есенгіреп, көзін ашып,
Түсінен шошығандай, атып тұрды.



Сүн – сүр боп, Дербісалдың кеткен түсі,
Бойына сыймағандай, қайрат күші,
Ерлендер: «Аттарыңды тезірек, - деп,
Дербісал: «Көпке түсін баян етті».

Түсімде бір тоғайды араладым,
Не бар,- деп жан- жағыма қарамадым,
Жан – жағымды қалың қасқыр, қамап алып,
Ыңғайын құтылудың, таба алмадым.

Бір қасқыр жеке келді, жалғыз көзді,
Жанымнан түрін көріп, күдер үздім,
Аяғынан шап беріп, басын үздім,
Алмадай алып соғып, басын үздім.

Сол жерде бір шал келді «акшалмалы»,
Қолында «Асасы»бар, «Бозжорғалы»,
«Ал, атыңа тез мін,- деп Дербісалы,
Соны айтты да: «Ғайып боп, кетіп қалды.

Түсімде осылай – деп хабар берді,
Ол адам тегін болса, неге келді?
Бөгеліп көп тұрмады, соны айтты да,
Дербісал «қолды»бастап, жүріп кетті.

Қалың «қол»жүріп кетті, қатарласып,
Белінен «Жыландының» кетті асып,
Қонатын күн батқанша, су тапсақ деп,
Көпшілік келе жатыр ақылдасып.

Қалың «қол»келе жатыр, қатар түзел,
Аттары арындайды, жерді сүзіп,



Күн батып сам жамырап, көз байланды,
Кез болды жалғыз биік, бауыры құдық.

Қонды кеп күн батқан соң, сол құдыққа,
Батырлар бататын күн, бір қызыққа,
Белгілі ағынды өлке, биік тау жоқ,
Сусыз шөл шығыпкеткен, бір жазыққа.

Аттарың кезек қарап, жүрді жайып,
Сол кезде «Шолпан» туды, таң сарғайып,
Көпшілік абыр – сабыр тұра келді,
Тамаққа бақыр асып, алды тойып.

Жүруге даярланды, атты ерлеп,
Бағырлар шетке шығып, кеткен желден,
Сенімді Дербісалдың, жан жолдасы
Шақырды: «Мүлік қайда? мұнда кел – деп

Алдына шақырған соң, келді Мүлік,
Ал, маған не айтасыз?, - деп тұрды күліп,
Қырағы көзің сенің, көргіш еді,
Жұмсады «қарауылға», шығып кел – деп.

Айтқан соң: «Қарауылға», шықты барып»
Жан – жакка қарап тұрды, көзін салып,
Алыстан тозаңдатқан, бір шаң көрді,
Қарады екі көзін, қадай қалып.

Ол шаңнан, Мүлік көзін айырмады,
Өзі де тиянақты, байыпты еді,
Асықбай не де болса, байқайын – деп,
Ер Мүлік шұғылданып, асықпады.



Будақтап шаң көбейіп, тозаңдатты,
Қап – қара күннің көзін, тозақ басты,
Не қылса да тегіп емес, мынау шаң деп,
Қайта кеп, Мүлік «қолға» хабарлады.

Мен барып «Қарауылға» шықтым деді,
Жап – жаққа, көзімді салып тұрдым деді,
Көзіме «сайтап» болып көрінбесе,
Бір «түз аң» түсі суық, көрдім деді.

Дербісал: «Естіген соң, бастап «қолды»
А, «құдай» осы сапар, қыл – деп жолды,
Болса да, 40- жыл қырғын ажал билер,
Көрейік не де болса, қарсы жүріп.

Қалың «қол» аялдамай жүріп кетті,
Аттардың басын тежеп, екпіндетті,
Жолбарыстай жорытып, оңкей «нояп»
Кезеңге «Балтасабы» келіп шықты.

Кезеңге бұлар шығып, тұра қалды,
Жан – жаққа, «қыран» құстай көзін салды,
Қолында бір жетек бар, «Қара ала» атты,
Іркілмей тұрған «қолға» тура келді.

Көрген соң тұрған «қолға», қарсы жүрді,
Қозғалмай көпшілік те, қарап тұрды,
Отыздың шамасында, бір жас жігіт,
Келді де: «Тұрған көпке, сәлем берді»

Сәлемін Мүлік алды, тұрған халық,
Жігіттен жөн сұрады, ортаға алып.



Бастады жігіт сөзді, біраз тұрып,
Бұзылып көздің жасын, іркіп алып

Руым: «Тама», - деді, затым қазақ,
Мен жүрмін жапан түзде, «қашқын»құсап,
Елімді: «Домбал, - деген шауып кетті»
Сорлымын: «Жау қалмақтан, көрген азап.

Болмады баста билік, мал да ерік,
Ақыры дұшпан: «Жанға салды тұзақ»,
Елімді шауып кетті Домбал деген,
Рахымсыз: «Бір «дәу» екен күмбілдеген»

Қасында Бес жүз адам, жас – кәрі бар.
Бейкүнә талай елді жәбірлеген,
Сіздерді: «Қазақ кегін, жоқтайды – деп»
Көрген соң: «Қуанышта болып тұрмын»

Бітірді жігіт айтып, барлық сөзін,
Айырмай Дербісалдан, екі көзін,
Кездестім «батырларға», арманым жоқ,
Қайткенде оңалады, менің ісім.

Дербісал: «Жігіт сөзін, болды тыңдап»
Беруге: «Біле алмай тұр, не, - деп жауап,
Алуға: «Қазақ кегін, қалмақ жаудан»
Дербісал: «Ойға кірді, біраз тоқтап»

Біз шықтық аламыз?, - деп тиген елді,
Көпшілік: «Мынау жұмыс, қалай ?,- деді
Үстіне бұл жұмыстың, кездестік біз,
Болмайды: «Мынау «жауға», шаппай ? – деді



Көпшілік: «Сөздің беті, дұрыс, - деді,
Күрделі бір кездескен, жұмыс, - деді,
Елі кім? Руы кім? Өз аты кім?
Жөн сұрап, бұл жігітпен тапыс – деді.
Неше күн болған екен, «жау» кеткелі,
Бет түзеп, қиын емес жүрсек,- деді

Қожабек - әкем аты, атым- Арын,
Айтамын жалғаны жоқ, сөздің дәлін,
Тастамай тағалы тай, алып кеше,
Шулатып бала – шаға, кемпір – шалын,
Мен өзім жан сауғалап, қашып кеттім,
Білмеймін: «Кейінгі елдің, не болғанын?»

Шапты жау: «Елімізді, кеше түнде,
Кірген жоқ, «жау»шабар – деп біздің түске,
Келгенін қалың «жаудың», бірақ кордік,
Күш жетсе, малды тірі береміз бе?

Дербісал: «Жігіт сөзін, әбден ұқты,
Бетінен «қаһарланып», түгі шықты,
Жүріндер: «Азаматтар, ал енді – деп,
Жөнелді: «Алдын бастап, Дербісалы.

Жігітім: «Енді «Еліңді», тура баста,
Бұл «жаудан»: «Кек аламыз ? «Алла»жазса,
Кеткені ұзақ емес, кеше болса,
Жетеміз: «Тығыз жүрсек, ертең түсте.

«Қол»жүрді естіген соң, елге қарап,
Ер басы найза ұстаған, өңкей «саңлақ»,
Луылға шанқай түсте, жетіп келді,
Кемпір – шал, қатын – бала отыр шулап.



Көрген соң, «мақұл»- деді елдің бәрі.
Жүрегі елдің тағы, кетті зулап,
Иіріліп: «Қотанға»кел, «қол»тоқтады.
Далаға: «Шошынған ел, жан шықпады»

Шақылап: «Сүйінші, - деп Нарын елге,
Халқына: «Тоқтау айтып, хабарлады»
Қуанды: «Естіген соң «А,кұдайлап»
Жылап жүр: «Қатын – бала «Бозқасқалап»
Ақыры ісіміз де оңалар – деп,
Қуанып бірін – бірі, жүр жүлмалап».

Еліне: «Айтты Нарын, бар жағдайын,
Бастаған мені түзу, бір «кұдайым»
Тезірек үй тіккізіп, қам қылыңдар,
Кешікпей дәм әзірлет, болсын дайын,
Жол болып жауды жеңіп, қайта келсе,
Естірміз сонда бірақ, не болғанын?»

Үй тігіп, мал сойғызып әзірлетті,
Батырлар тіккен үйге, келіп түсті,
Айтқанша: «Ет пен қымыз қатар келіп,
Жолшылар: «Абыр – сабыр, тамақ ішті»

Ат шалып, тамақ ішіп жайланғанша,
Түс ауып, үлкен бесін төмен түсті.
Дербісал: «Айтты «қолға»киініндер,
Тез енді аттарыңа, мініндер – деп».

Ел шапқан көнілді «жау»,тоқтамайды.
Бөгеліп кешелдесек, ұзай берер,
Деген соң аялдамай, атқа қонды,
Кәрі – жас, «әруақ»,- деп шулап тұрды.



Басшысы: «Үш жүз «қолдың». Ддербісәлі,
Үш жерден: «Ту көтерін, жүріп берді»,

Түскен кез сол уақытта, бесін төмен,
Жіберді аттың басын, пәрменімен,
Келеді Нарын батыр, қолды бастап,
Қонағын бір «құдық» бар, белгілеген.

Ол «құдық» белгілі су, құмнан қазған,
Су шыққан: «40 – құлаш, «шыңыраудан»,
Таспенен айналасын шегендеген,
Қонуға сол «құдыққа», тура келді.

Бұл суга: «Күн батқан соң, «жолшы» қонды,
Суытып аттың бәрін, атқа қойды,
От жағып, бақыр асып ас істеуге,
Жапырлап айналадан тезек терді.

Көпшілік қарамайды, бір бақырға,
Тәлімдесіп істейді, әр бақырға,
Бір жігіт тезек теріп, кез келеді,
Сөнбеген: «Жаңа жанған, қызыл шоққа»

Көрген соң «оттың» түрін қауіп қылдым,
Көпке хабар беруге, қайтып келдім,
Жаңа ғана жанған «от», жайнап жатыр,
Жалғаны жоқ көзіммен, көріп келдім»
Дербісәл: «Естіді де, түрегелді,
Көрген өзің көрсет, - деп ертіп жүрді,
Жайнап жатыр, айтқанындай қып – қызыл шоқ,
Бүгін кеткен «жау» әлі ұзаған жоқ.



Дербісал: «Көпшілікке салды ақыл,
«Ақылмен» жұмыс қылсақ, болар «мақұл»
Түнде жүріп кеткенменен, шаба алмаймыз,
«Үрпекбасқа» ат қойсақ, жетсек «Қабыл».

Көпшілік: «Осы сөзді,- деді дұрыс,
Ай қараңғы жарамас, түнде жүріс,
Жеңілсек те, жеңсек те арманы жоқ,
Жазық дала жазық та, салсақ ұрыс»

Тербетпей таңды күтіп, бұлар жатты.
Ұйықтамай түніменен, ат оттатты,
Бозарып «Шолпан» туып, торғай шырыдап,
Ағарып күн күлімдеп, таң да атты.

Батырлар: «Таң атқан соң, тұрды ерте,
Сайланды садақтарын, байлап белге,
Сыйынып «әруақтарға» мінді атқа.»
Дұшпанға: «Таба» қыл ма, осы жолда?»

Үш жүз «қол» шыға шапты «әруақтап»
Келеді бір де шауып, бір де тоқтап,
Шабыспен бір кезеңнен, шыға келсе,
Өлкеде қалың жылқы, жатыр қаптап,

Көрген соң аттың басын, бұра қалды,
Иіріліп тобын жазбай, тұра қалды,
Олар да «қарауылда» отыр екен,
Бұларды «қарауылшы» көріп қалды.

Көрген соң «қарауылшы» кетті шауып,
Жас толып екі көзіне, есі ауып,



Қалың «қол»жер қайысып, келіп қалды,
Қалайшаң: «Жағасыңдар, қылмай қауіп»

Қалмақтар шуылдасып, атқа мінді,
Ілгері жылқы айдауға, кісі бөлді,
Алдынан тоса барып ұрысуға,
Қалмақтар: «Төрт жүз кісі, қарсы жүрді.

Екі жақ келген бетте,араласты,
Шаң ұшып күннің көзін, тозаң басты,
Екі жақ қоян- қолтық, найзаласып,
Талай жан шыбын жанмен, қош айтысты.

Көп болды Қазақтардан, Қалмақ «қолы»,
Көп болғанмен болмайды,оның жолы,
«Қарашегірі» астында Дербісалы,
Ұрған допғай ұшады, тисе қолы.

Қалмақты: «Қазақ қылды, есек – есек,
Таба алмады кіруге, жерден төсек,
Ор киіктей ойнайды «Қарашегірі»
Көңілі Дебекеңнің, кетті өсіп.

Кемі жоқ Қазақтардың, бәрі батыр,
Талай Қалмақ лок – лок, - деп өліп жатыр,
Жүргенде араласып, найзаласып,
Кездесті: «Дербісалға, Домбал батыр»
Екеуі оқшау шықты, жекпе – жек,- деп,
Жеңгені жеңілгеннің, қанын төкпек,
Найзасын Домбал ердің, қағып тастап,
Шанышты қақ жүректен, өлер жер, - деп.



Құлады Домбал аттан, жерді құшып,
Түсе ғап басып кесті, аттан түсіп,
Аялдамай Дербісалы, жүріп кетті,
Сол жерде өлді Домбал, жанын кешіп.

Бұл сапар батырлардың, болды жолы.
Қашты енді жеңілген соң, Қалмақ «колы»
«Ие» жоқ, алған жылқы қала берді,
Қалмақтар түгел қашып, кетті деді.

Аз емес екі жақтан, өлген кісі,
Қалмақтан артық келді, Қазақ күші,
Тілегі Нарын ердің, қабыл болды.
Өзіне олжа болды, өз жылқысы.

Айырып малды жаудан, аман – есен,
Дуылдап жылқыны айдап, Елге келді,
Қуанып қатын – бала, болды у – шу,
Біреулер алып келіп, шашты шашу.

Ел кеше жылап еді, бүгін күлді,
Болған жоқ кешегідей бүгін ашу.
Жиылып ел адамы, қылды қызмет,
Істеп жүр әйел – еркек, бірдей құрмет,
Батырлар сол ауылда, Он күн жатты,
Жегені күндіз – түні, қымыз бен ет.
Дербісал: «Елді жинап, сөз бастады,
Шыққалы: «Елімізден Айдан асты»
Ұлықсат: «Енді бізге, беріңіздер?
Айтамыз, - деді: «Халық», Сіздерге алғыс.
Дұшпанға тие берсін, оқ пен қарғыс.



Қожабек: «Аз отырып, сөз бастады.
Болмайды: «Жөн сұраснай қалуымыз?»

Дербісал: «Жөн айтуға, бастады сөз»

Сіз Кіші жүз болған да, біз Орта жүз,
Ажалсызға бір нәрсе, себеп деген,
Көз жасыңа ғайыптан, кездестік біз,
Болған да жерім Арқа, елім Аргын,
Майқы болар руым менің Сарым
Айдаболдан туыпты: «Бес ұл, бір қыз»
Ең үлкені мен болам, - деді Дербісалы.

Өз жөніңді айтыңыз? – Қожабек бай.
Осы болса сұраған, бар арманың.

Жерім Сыр, елім Тама, атам – Нұрқан,
Туыпты батыр болып, елге қорған,
Туыпты: «Нұрқан ерден, Үш ұл қатар»
Мен тудым: «Жалғыз болып, ортаншыдан,
Мен өзім: «Атам – Жөңке, Сұрғақ едім,
Жетпейді тілім менің, одан әрмән ?

Ақсерке. - деген батыр, бізден шыққан,
Қайтпаған жаудан беті, не соғыстан,
Өлтірген: «Өздеріңіз, Домбал қалмақ,
Өш болып Ақсеркемен, сан шабысқан.»

Жолаушы кетіп еді, Үш ай болды,
Ойламай: «Қалайшаң жүр, кейінгі елді,
Жоқтығын Ақсеркенің біліп алып,
Қалмақтар қапылыста, шауып еді.



Ақсеркеге: «Жақын туысы, шапты – деді,
Батыр боп, елін жауға бермен еді,
Белдескен Қазақ – Қалмақ соғысында,
Талайдың бетін қанмен, жуын еді,
Кездеспей Ақсеркемен барасыздар ?
Бітірді сөз аяғын осыменен.

Танысты: «Жөн сұрасып, Дебекенмен»
Ерлеңдер: «Аттарыңды, азаматтар !,
Болады көп тоқтамай, жүруге жөн,
Ұстатып аттың бәрін, ерттетті.»
Киініп жүреміз – деп тысқа шықты.

Алып кеп бір – бір жылқы. Ер басына,
«Қолына»: «Жолдарың, - деп жетектетті,
Елменен «қош» айтысып, атқа мінді.
Жағалай «қош» айтысып, жүріп кетті.

Әбүйірі: «Дербісалдың жаман емес,
Еліне ойнап – күліп, аман жетті»
Тоқтатты: «Содан кейін аттанысты,
Бойынан: «Қайрат қашып, жасы жетті»

Ақырғы аттанғаны Дебекеннің,
Үш – төрт жыл екі арада өтіп кетті.
Жамылып таза көрпе, мамық жастық,
Дербісал тәрбиелеп, жанын күтті.

Табысқа кейбір пенде, мастанады,
Қырықта қыры кеткен, жас болады,
Жігерсіз, намысы жоқ кейбір надан,
Атасын өлтіргенмен, дос болады.



Шаңқанда: «Қалмақ елін ауылында жоқ,
Әңгіме: « Ақсеркеден басталады»

Ақсерке жолаушылап кетіп еді,
Екі – үш ай, ол кеткелі, өтіп еді,
Еліңді Қалмақ шауып, кетінгі – деп,
Батырға жүйрік хабар, жетіп еді.

Ас ішіп, белін шешіп дамылдамай,
Күндіз – түн жүріп елге, келіп еді,
Келген соң, ел сөйледі көргендерін,
Қалмақтар елін шауып кеткендерін.

Өз жанын өзі олжа ғып, Нарын батыр,
Үш жүз «қол» Дербісалы кездескенін,
Артынан жауды қуып, малды айырып,
Домбалды, Дербісалдың өлтіргенін.

Тынығып осы ауылда, Үш күн жатып,
Елменен «қош»айтысып, жөнелгенін,
Жылаған елдің көзін, қолмен сүртіп,
Қуантып елді қайта күлдіргенін.

«Дос» болып, не «сүйек»боп қалатын ең?
Оларға Ақсерке сен, кездеспедің,
Ақсерке: «Елдің сөзін, болды тыңдап,
Істерің оңға айналған, «құдай» оңдап

Осыдан менің өзім, қауіпті едім,
Құрған екен тұзақты, бәлем Қалмақ,
Ол ердің аты – жөнін, білдіңдер ме?
Іздеймін қайткен күнде, оны – бірақ.



Сұрадық: «Ол батырдан, арғы – зағын,
Руым: «Майқы, - деді, түбі – Сарым»
Өз аты – Дербісалы, қарған адам,
Қазақтың анық батыр - Арыстаны!

Сөз бітін біраздан соң, ел тарады,
Ақсерке көп уақыт, дем алады,
Күндердің бір күнінде, Серке батыр,
Іздеуге Дербісалды ойланады.

Ақсерке іздеймін – деп атын күтті,
Жүрген де іздеймін – деп, қыс та жетті,
Тұрмайды ол уақыт та, ел шабусыз,
Жүр әлі ел шатасып, Үш жыл өтті,
Осы жыл ел арасы, тиышталып,
Жүруге Ақсерке енді, талап етті.

Ақсерке осы жолға, жүрмек болды,
Қасына басшы – қосшы, бес кісі алды,
«Кұдайға» қалған елді, тапсырдым, - деп,
Өзімен Алтау болып жүріп кетті.

Бет түзеп бұлар енді, шықты елден,
Сұрайды: «Дербісалды, кез – келгеннен»

Жүреді бірнеше күн, бұлар жолда,
Садағы белдерінде, найза қолда,
Болған да Кіші бесін кездеседі,
Өлкеде қаптап жатқан, қалың қойға.

Қойшыдан: «Тіл сұрады, бұлар тұрып,
Қойшы тұр: «Қорқыңқырап, түрін көріп,



Қорық па? Жөніңді айт, біз жолаушы,
Кетеміз жөн сұрап – ап, біз де жүріп.

Бұл елді сұрасаңыз? «Сарым», - деді,
Сұраған соң: «Жөн айту, мақұл, - деді,
Ел болған соң: «Бір «басшы» болады ғой.
Аты шулы: «Дербісалы - батыр деді»
Қоналқаға түп – тура, барасыздар?
Мынау- белдің астында, ауыл, - деді.

Ақсерке: «Жөнін сұрап, кетті жүріп,
Ауылға: «Намаз» шамда, келді жетіп»

Тұсына бір «боз» үйдің, тұра қалды,
Біреуің шығып кет, - деп хабар қылды,
Бір жігіт үйден шығып, келді көріп,
Келді де «сәлем» берді, қолын алып.

Болсын – деп «жолдарыңыз!» жөн сұрады,
Бұл елде: «Жек – жаттарың, бар ма ? еді деп,
Бұл елде жек – жатым жоқ, біз бір «қонақ»,
Түсуге: «Дербісалды, тұрмыз қалап.

Ақсерке – өзім атым, елім – Тама,
Жігітім: «Хабар қыл – деп Дербісалға,
Ол жігіт: «Естіді де, қайта келді,
Айтқанын: «Дербісалға айтып келді.

Ақсерке – өзім атым, Тамамын – дейді,
Қалап тұр: «Түсемін – деп осы үйге,
Қайта бар: «Түсем десе, түсір үйге,
Бұйырған тағам болса, ішер деді.



Ойына Дербісалдың түсе қалды,
Мені іздеп: «Тама болса, келген ғой – деп.

Түсірді қайта келіп, атын ұстап,
Кіргізді есік ашып, жігіт бастап,
Есіктен кіріп келіп, «сәлем» беріп,
Отырды: «Дербісалдың қолын ұстап».

Кірісті: «Өңгімеге, екі батыр»
Біреу-келіп, біреулер- шығып жатыр,
Мал сойылып, далада әзірленіп,
Ет асылып, самаурын қайнап жатыр.

Әкеліп еттен бұрын, шай жасады,
Шай ішіп, әңгімемен отырады,
Шай ішіп әбден қанып, болған кезде,
Қонаққа су құйғызып, ет жасады.

Қайқайтып «Сарытабақпен», етгі қойды,
Табқаға: «Екі батыр, бас қосады
Әкеліп еттен кейін, қымыз құйып,
Қонақтар: «Әбден тойып, жеп болады.

Жегені ет, ішкені қымыз күндіз – түні,
Аттары, өздері де бапталады,
Сөз ашпай: «Серке батыр, жатты Бес күн,
Ойланды: «Сөз айтуға – Алтыншы күн.

Дәм ішіп, ел жатқызып шам жаққызып,
Екеуі: «Өңгімеге кірді еркін»
Ақсерке сөз бастады: «Дебекене»
Мен келдім: «Танысуға, әдейі іздеп»



Тиісті шарпатың, біздің елге,
Үстіне шабылғанның, Сіздер кез боп,
Сізді мен бір қоруте, құмар елім,
Қалып ем кездессе аймай, үйде жоқ боп.

Талап қып, іздеймін, - деп жүргенім де,
Үш – төрт жыл өтіп кетті, ел шабысып,
Сізді мен іздеп келген, мақсатым сол,
Қайтамын Сізбенен, мен «сүйек»болып.

Тоқтатты сөз аяғын осыменен,
Тілегім Сізге қояр, осы еді деп.

Дербісал: «Сөзін әбден, тындап болды,
Батырым: «Сөзіннің беті, түзу деді,
Қыз беріп, не қыз алып қайтасыздар,
Таң атып, елдің бәрі тұрсын деді.

Сөйлесті: «Екі бағыр, таң атқанша,»
Жазғы күн ұзақ емес, таң да онша,
Таң да атты, күн де шықты ауыл тұрды,
Мал өріп, бие байлап шай ішкенше.

Шақырды: «Дербісалы туыстарын»
Отырды оқшау шығып, қосып басын.
Дербісал: «Әңгімені бастады енді»
Жинап – ап, ел адамы кәрі – жасын.

Келіпті - мынау «мейман», бізді іздеп,
Қыз ал, - деп тілек қойды, не қыз бер, - деп?
Беріңдер ақылдасып, бір жауабын,
Тастады көпке сөзді, ел білсін, - деп.



Кенжебай. Маман айтты: «Батыр, - деді»
Салғаның көпшілікке, «ақыл», - деді.
Көпшілік Сізден асып, не табады ?
Не десең, өз сөзіңіз қабыл – деді.

Тастады Дербісалы, сөзді ұзын,
Келе ме ? Дербісалдың жан бетіне,
Қарады: «Ботантайға көзін қадап»
Айтуға: «Бір сөз келіп жүрегіне»

Ботантай отыр еді, бермен сала,
Сен де бар бір «бойжеткен» әйел бала,
Құда бол: «Ақсеркеге қызыңды бер,
Дегенмен ұл болмайды, әйел бала.
Өзді – өзің, үй – ішіңмен ақылдасып,
Айтатын менің сөзім, осы ғана.

Ботантай төмен қарап, отырды ойда,
Теріс, - деп сенің сөзің, айту қайда,
Болады: «Айтқаныңыз, - деп бір бұлк етті»
Бетіне: «Дербісалдың карады да»

Сөз бітті осыменен аяқталып,
Шақырды: «Ақсеркені хабар қылып»
«Толсын,», - деп орталарын, Серке батыр,
Отырды дәл ортадан, орын алып.

Келіпсің: «Ей, Ақсерке «құдай»айдап,
Жатырсың бірнеше күн, күліп – ойнап,
Қызың жоқ ала келген, беремін – деп,
Бізден қыз аласың – деп айтты жайлап.



Ақсерке айтты:

Елімде Мен де ермін, Сіз де ерсіз,
Болмайды адам жақын, бір себепсіз,
Ерлігің «Үрістемдей», болса дағы,
Шықпайды: «Батыр атың, ел көмексіз»
Созылып сүйектілігіміз еш үзілмейді,
Қайырлы болсын батыр тілегіңіз!
Қысқа ұстап «әңгімені», көп ұзатпай,
Қам қылыш, жүргізуді тездетіңіз.

Келісіп: «Екі жағы, болды құда»
Қалдырмай қыз беруге, келер жазда,
Екі жүз жылқы малын, бермек болды,
Төл қоспай, ылғи ірік, «қалың малға»

Той кылып, ат шаптырып көкпар болды,
Бұл іске Ақсеркенің көңілі толды,
Бір шапан, бір ат берді ер басына,
Кәдесі бұрынғының «сый – сияпат» берді
Ботантай: «Өзі бас боп, Он бес кісі,
Алуға «қалың» малын бірге жүрді.

Ботантай: «Ақсеркемен еріп кетті»
Дербісал: «Шығарып сап, қайта келді»
Жол жүріп бірнеше күн, екі ортада,
Еліне Ақсеркенің, жетіп келді.

Түсірді қонақ үйге, алып келіп,
Кеп жатыр ел адамы, сәлем беріп,
Ақсерке көпшілікке айтты бәрін,
Мен келдім қыз алмақ боп, «құда» болып



Барамыз келесі жаз, қыз береді,
Құдалар: «Мал алуға, келді еріп.»
Күтіндер: «Сыр білгізбей кеткенінше,
Жүрмесін күтімсіз боп, ұят болып»

«Құда», -деп естіген соң, күтімге алды,
Әкеліп «қонақасы», сойды малды,
Қазақтың қасиетті, бір тамағы,
Жас етке қосып асты, жал – жаяны.

Қайқайтып: «Сары табақпен, етті әкеліп,
Алдына «құдалардың», қойды әкеліп»
Құдалар: «Ішіп – жеді, тойды дәмге,
Асатып сүйек берді, келгендерге,
Бас қосып «құдалармен», отырды ет жеп,
Ақсақал, ел адамы үлкендер де.



توسعه ده بر تقدیر دین از اداد
 نه بارده به جان باقیه تا عاید ماده
 جان باقیه بودی فالانگی تا مستقر قارا بند الب
 هکتارین یسره قدر کورده منو تا بال ماده
 بر قاسمگر چه گنگر دین جالقرن سکه ندین
 جانمیک تان قدره لاکه نه به کورده روزدم
 (تقدیر) فالانگی شتاب برود به دستقار الب
 از حاد این الب سده قبه یا سوره روزدم
 سمول چیده بر ششال سگر در این اق ششال حوالان
 قدر ندرم ششال سوره بار بود جور قالای
 از این کن و تیز نه ماده اب شده در به سلالی
 سده زین و بیست دا تان سب بود چه گنگر به قال در
 تقدیر ده و سمول ایده به تان سوره
 حل اداد به تگنگر بود لیسنا و سگ سگر ده
 بود سگ ای سگوب بود مادری سده زین ای سگوقدا
 در به سب سمول قدر ادر به سب سب در ده گنگر
 فالانگی قدر بود به سگور به فالانگی سب
 به از به چن ایده رنگ گنگر به اسب سب
 قول کورده به با ششال سب سمول تاب سماع ده به
 سده به سب لاکه سگر لاکه سگر اول داسه به
 فالانگی قول گنگر لاکه سگر لاکه سگر لاکه
 اداد ای ادر لاکه سگر لاکه سگر لاکه سگر
 که به به تبه سمول حاد ای سگور لاکه سگر لاکه
 سگر لاکه سگر لاکه سگر لاکه سگر لاکه سگر
 قد لاکه سگر لاکه سگر لاکه سگر لاکه سگر
 با تیر لاکه سگر لاکه سگر لاکه سگر لاکه سگر
 بل سگر لاکه سگر لاکه سگر لاکه سگر لاکه سگر

همه روز جو خا در سواد غالب مایشن بیگانه
 بدو مایه من گمین گزین عمل ده کورن بولفا نده
 شتاب دین جاوده دلین دین گه نشنه زده
 کمر گنده بیدق جاوده شتاب ده به بیزده کن قد من گرا
 سکر گزین و جلا کون جاوده کن براق کدرده زک
 کون نشن چو نشنه هال دین تیره بر من به
 ده به به سوار بیگانه سوزله نا اجزای افاق دین
 بدترن و قانار از پ قد گوی نشنه قتی
 جود نه کنده از اما تا نه لاله زده
 بدو نال دین الوده با مستجاب زده به سالان
 به گنجه نعه لاله خود قدر با سوز
 بدو جاوده دارا حورک الامن و الله جا سوا
 گه گه دین و زاق و منوه گنجه بولسا
 به تن و تنز جو و سوز دره کنه زده
 قول هور دین و مستجاب سوز
 ده با سوز دین و مستجاب و گنجه سوز
 اولقا شتاب گنجه کنه سوز به گنجه
 هر روز شتاب و الله و گنجه سوز
 کدر گنجه سوز ملاء چو دین اول ده کورن
 چو دین اول ده کنه شتاب کنه بوز
 ده به راسد قدر گنجه کنه قول تو مستجاب دین
 دالقا شتاب گنجه کنه اول به و شتاب دین
 شتاب به لاله شتاب نشن دین به ناره خله دارا
 قاله تا قدر شتاب ایستایه قانار لاله
 قدر دین به سوز گنجه سوز اول قدر دین به
 به لاله به کنه شتاب به لاله به سوز
 اقره به سوز کنه و سوز لاله به
 قدر نه به به لاله به چو لاله به

پودنه اده ب شکر لپان تشه چه عود قاین شراب
 اقراره به کون کدلوده ب تا کد اده
 لپان لدر تا کد اتسقاوه سمون تقدر دین و رگاه
 سیمای ل نشه ی سعادقا داره ن باین لپان ب لنگ
 سنده وینا ب ارقا اتسقاوه نمودن
 دو تن با کسقا تا به قال ما و س بدل در
 و نشن چون قدر شفاقا شتاب دین اروق اده
 تم لا این برده شفا و لپان برده تقدر شتاب
 شتابه صوب بر شتابه ز ستمه ک شفاقا ک لپان
 و لنگ دده خالاسه لپان سواتر قات ب ب
 سنده کس سمون اده ک لپان ب لپان ب لپان
 - مین لپان تقویه به جواز باین تقدا قال در
 و لپان اوق داول را و تره کون
 بوا اردین تقدا قال شفا کون به شتاب
 کدود دده تا ساول شفا کون به شتاب
 تا رس تو کوبه لپان کون نه لپان اوب
 قالا کون بر قای سمون ب کوبه قایرون
 تا لپان شتابه سواتر سمون دار و لپان قایرون
 مین لپان دار شفا کون دا سمون اتسقاوه لپان
 دل کون باین لپان اوق قاکون بدل دین
 اده تا لپان سواتر ب و ز سمون
 قالا ساق دایه تقدره کون کون قایرون بوا دین
 سواتر جاق کون کون بینه ادر لپان
 شتابه و لپان ب کون نه کون نه کون لپان سمون
 سواتر جاق کون اوق لپان قایرون لپان
 تا لپان بینه شتابه ب کون نه کون لپان سمون
 کدود باین مین اوق دار دین قالا ساق قالا لپان

که لا گوی نازده ه در ده کز ستا بدل بولاب
 فاند نه در چا بدل دین وز بولقه بس
 ایس پ ما در دجا و دران اعلان ه بس
 د و در داب بولقه دین این داب ه اول گنگل دین
 کدر با ب ستا تنه با لا ا بول دین و در شرف
 برود لار الب گنگل ب ستا رشتو دین ستا شرف
 ه گنگل پ ل ا ب ه دین بولگن کدر دین
 بولقانه جو ق گنگل گم دین بولگن ارسو +
 دین لبه اول ادا دین قول دین قه نزه ه است
 ه مستجاب بود ایال ه گنگل ب بول دین قود دین
 با تر لار سفل اول دا اول کده چا دین
 چو گنگل دین کده لک بول دین قه من به ه است
 ده ه ب سال ه لار دین چا یسنا سوز با سستادین
 د و دین ه نوه با تقیاری چا یسنا سوز با سستادین
 ستا قالای دل موده ن این دین ایس دین
 و لک سست ه نوه بولگن ب سستادین ده ه
 ایستامز ده دین قالیق سستاده رگه القه
 د و ستن با کلق دین بول سستاده چا دین ده ه
 قند جا بید لار و تر ه ب سستادین با سستادین
 که ممشولاد چون سوز الو باین قالو من +
 ده ه ب سال بیوک ایستادین قبا سستادین سستادین
 سز کلتش دوز بولقانه لدر بوز و در تادوز
 اجال سستادین باین سستادین ده ه گنگل
 کفاز سستادین قبا یسب دا کز گنگل ده لک بوز
 بولقانه لدر بوز ادا قبا ه لمر ارقه ه
 ما یسقه بولاد و در و دین ه لمر سستادین
 این دا بول دانه تقب دین بس اول بوز قز
 ه کز اول گنگل دین بول ادا ده ه ب سستادین

و ز بون نه کز دین ایستگن قویا بیدار باین
 و سون بولسا سورا قان یاز ادمان کما
 جره و سره لوک ما ارا تا عوز قان
 بولب دین و دایا تره لنگه قود قان
 قد ج دین ندر قان و رده و ویشی و ل قان
 مه و تقدیم بایقن بولب و رتا نشی دان
 مه و وند و رتا بون کما سورا قان و دیم
 بی توب دین نه ل مغه کما بیدان ارمان
 اوق سرگده کله با تر بیزاده لاشه قان
 قان تباقان جا و دانه به دین نه سوره لسان
 و لکن کله و زنده کز د و مبول قال ماق
 ویشی بولب اوق سرگده به سانه شایه سقان
 بولوریشی کما به دین ویشی ان بولورین
 و به لامان جالایه شایه بولور کما بینه کما بولورین
 بوقه دقه ن اوق سرگده کما کما بولورین
 جان ماق داره قان بولور دایا و دین
 اوق سرگده بایقن د و سوره بینه دین
 با ترید به جان بیا و جا بیره به دین
 به رده لسان کما کما اوق قال ماق شوره بولور
 بولورین دمه کما به کما کما بولور دین
 کما بولور بولور اوق سرگده به بولورین دار
 د و سولوب نه سولوب بولوب قال اوق بولور
 به بولورین سولوب ایستگنه و سولوب
 بولورین بولور سورا سولوب د بولورین
 ه ل ل کما د ارا کما بولورین ارا ماق
 بولورین دین کما بولورین بولورین بولور

و مستقامه به اوست باره ن ه د ت ت
 به بیضا به خورده د - ت مستقامه ق د
 البه سکه به بر بر به لقه ی و در به سکه
 کوه لقا چول دار کنده - به به ت ت ت ت
 ه ل مده به خورده ویتقا سبب استقامه نه
 با ق لای قوه لقی این ت سبب چور و سبب کوه ی
 ا ب ی ل ی نه ده به سال ده که جا خانه به سکه
 ه ل مده وین سبب کوه لب امان به ت ت
 ت ت ت ت ت ت سبب ده که بین امان ت ت ت
 بوی ت ت قان رات قان سبب جا سبب چور ی
 ا ق ت ت ت امان کوه ت ت ت ت ت ت ت
 ویتقا ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت
 جا به لب ت ت ا کوه لب ت ت ت ت ت ت ت
 ده به سبب سال ت ت ت ت ت ت ت ت
 ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت
 ق ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت
 به کوه سبب ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت
 ا ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت
 ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت
 ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت
 ا کوه ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت
 ا ق سبب ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت
 ه که ی ویتقا این و ت ت ت ت ت ت
 ه ل ا کوه ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت
 با ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت
 ا سبب ه سبب ت ت ت ت ت ت ت ت
 سبب ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت
 سبب ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت
 قان حلقه ت ت ت ت ت ت ت ت ت ت

و در جای دیگر درین اول طاق به شماره نیاست
 و پیش چون قول ده در به سالها که کرده است که با
 ارسه تا به جا بودین قد به مان دین ایس به
 دو مویک دین ده در به سال ده است و لغز که نه
 نه تا به و نفس اول شاد و پیش که در حیات به
 سال همون عدلکن ایضا است با جود نزل که با
 بدلقان و لده که کوزه به قول مویک سوره به
 قدر اند به سال دین که مستان که در کوزه
 در مویک بولاب نه سوره ای که بر به طایفه که
 در آنکه اوق سیر که سن که کرده مویک به ده
 اوق سیر که لده سن سوره لا بولورین به سواد اب
 ه سن ده که و اگر ای نالغان قدران و سواد اب
 مویک که در کوزه به طاق به ده
 قدر قان که دو مویک بالو کال طاق
 وله لده که ایا جودا که به لده که ده در
 ه دین که تا به که کوزه و نه بر اوق
 سواد اوق اول با کرده سواد اوق ذرات
 قدیم مایقه ده دین که بهین سواد
 و ذرات ده در به سالان که تا سواد اوق
 تا ذرات ده که اوق با تکرار سواد
 سواد به به بر اوردن سواد اول تا دایم
 اوق سیر که کوبه و اوق ده اول اوق
 سواد ده که بولورین ده سیر که با تکرار
 ه لده و سواد ده در به سالان و لده
 اوق سیر که ه دین و سواد اوق که
 بولورین ده ه دین مویک به طاق به ده

Қозғалмай сол ауылда, Он күн жатты,
Бұйырған суыменен, дәмін татты,
Таусылмас ет пен қымыз, көп жатқанмен,
Ботантай: «Жүреміз, - деп хабарлады.

Жиналды елдің бәрі, мал беруге,
Тезірек қонақтарды жүргізуге,
Өрістен бар жылқыны, айдап келіп,
Беретін малды былай бөлгізуге.

Шақырды: «Ботантайды, мұнда кел.- деп.»,
Көріңдер: «Көзіңменен, малыңды, - деп»,
«Арық», - деп тісі кәрі, сырттан айтпай,
Айтыңыз: «Кемшілігін көзімізгі ?»

Ботантай: «Малдың бәрін аралады,
Аралап: «Арық – кәрі, таба алмады»
Шығарып: «Айдай бер, - деп жолға қарай,
Үйге кеп, жүрмек болып ат ерттетті

Киініп үйден шықты, жүреміз – деп,
Ұлықсат енді бізге, беріңіз – деп,
Ботантай: «Ақсеркемен «қош» айтысты,
Қыс өтіп, жаз шыққан соң келіңіз, - деп.

Елменен «қош» айтысып, кетті «құда»
Түзеді: «Бұлар бетін, елге тура»
Осынша бұлар неге кешікті, - деп,
Жүр еді уайымдап, Дербісал да.

Малды айдап келді елге, аман – есен,
Үйіне түсті келіп, кешке таман,



«Болсын», - деп мал қайырлы, шапу шапын,
Ауылда жан қалған жоқ, жиналмаған.

Ботантай: «Айтты көпке, бар жағдайын,
Кеткенше: «Ет пен қымыз, болды дайын»
Екі жүз, ылғи ірік, жылқы берді,
Қосқан жоқ, өздері де құлын – тайын.

Қыс өтін, жазға қарсы келмек болды,
«Уәде» белгі қылдық, Мамыр айын.

Малды әкеп өз жайына, бұлар жағты,
Қыс өтін, қар да кетін, жазға жетті,
«Кел», - деген уәделі, күні бітін,
Ақсерке: «Жүрмек болып, талап етті.

Өзінде Ақсеркенің баласы жоқ,
Жоқ болғанмен баласы, туысы көп,
Баласын асыраған ағасының,
Білмеген:»«Ел жүретін, баласы – ден»
Қыз алуға баратын «күйеу»осы,
Даярланды: «Қайынына жүремін – деп»

Ақсерке: «Жинап алды, барлық халқын,
Он адам жүрмек болды, жөн білетін,
Басына «үкі»қадап, «күйеу» салтын,
«Кәдесін»бұрынғының, ғұрып – салтын».

Жүргізді «күйеуді»енді қайынына,
Әкеліп «күміс»қадап, маңдайына,
Қасына Асан, - деген биін косты,
«Шешен», - деп жөн білетін, «тіл» жағына,



Кешігін: «Жатып қалмай, тез қайт, - деп.
Тансырды: «Асап бидің өз басына»

Оп адам жүріп кетті, «күйеуді» ертіп,
Жүреді: «Күндіз – түні, бірдей жортып,
Асықты: «Елге қашап жеткенінше,
Елсіз де, ала ма – деп жаудан қорқып»

Жол жүріп: «Алты күндей, екі арада»,
Күн бата: «Күйеу – құда, келді жетіп»
Далаға «күйеу» түсті, жақын келіп»
Бұрынғы «күйеу» салтын, жолын қылып,
Қасына Үш – төрт жігіт тастады да,
Өзі есі түсті ауышпа, тура келіп.

Үйге кеп: «Дербісалдың қолын ұстап,
Астына қорне салып, жастық жастан».

Күйеуге: «Кетіп жатыр, келіншектер»,
Жығылып: «Есі шығып, сүріншектер»
«Күйеудің» бұрынғыдан әдеті - сол,
«Тәжім» ғып үлкендерге, түрегеп тұр.

Күйеуді қыз – келіншек, алып жүрді,
Оңаша «Ақ отауға», кіргізді енді,
Күйеуді қандай екен, көреміз – деп ?
Жиналып кәрі мен жас бәрікелді.

Мал сойып, істеп жатыр дайындығын,
Құрғызып, оң жаққа әкеп шымылдығын
Қызды ертіп, жеңгелері, алып келді
Қасына отырғызды қалыңдығын.



Отырды: «Қыз – боз бала, ойын бастап,
Ойнайтын бір әдет бар, мойын тастап,
Біріне – бірі тастап орамалды.
Сүйісіп беттерінен, құшақтасып»

Түнімен ойын болып, ел тарады,
Екі – үш күн, күйеу – күда дем алады,
Жоғалып жаңа ғана, табылғандай,
Күндіз – түн, қыз бен күйеу, бір жағады.

Шақырып: «Ботантайды, алды Асан»
Ботантай: «Жүргізесің, бізді кашан?»
Жатқызбай: «Кешіктіріп, тез қайтар – деп»
Ақсерке: «Көп тапсырды, бауыздау «күдаң»
Мәз болып: «Ет жегенге, жата бермей,
Бет түзеп, елге карай бассак қадам»

Ботантай: «Жауап берді, Асан биге»
Сіздерді: «Мен де асықпын, жүргізуге»
Біз дағы «қонақ» сақтап, жатқызбаймыз.
Жөнелтем: «Алла» жазса, Дүйсенбіге»

Істеді қыз берем, - деп, ойын – тойын,
Сойғызып ірі малға, қосып қойын,
Ат шауып, көкпар тартып, палуан – күрес,
Аяқтап Үш күннен соң, тоқталды ойын.

Мінгізді екі жорға ат, тікті-«Ақ отау»,
Тоғыздан кілем – ішік, қылды жасау,
Ташкеннің қызыл ала термелеген,
Үзікке оюлаған тағылды бау,



Дос күлін, дүшпан көрсе күйінгендей,
Айта алмас – мынау кім?, - деп, ешкім де дау

Шығарып: «Жүкті былай, үйді бөлек»
Беретін: «Бүгән енді, бір «күн» керек,
Қыз берсе «күн»беретін, «ереже»бар.
Қарап тұр: «Қандай жанға, келер кезек»

Көнімді: «Ол дәуірде «күн»көнімді,
Мұндағы: «Нашар кірме «кұл»олімді»
«Кұлы»бар: «Ботантайдың, Итқұлы атғы.
Бастаймыз: «Итқұлыдан «әңгімені».

Итқұлы, Бекен, - деген екі «кірме»,
Кірме «басшы» бола ма ? тұрғын елге,
Кірме «кұлда»теңдік жоқ, ол – заманда,
Жейтұғыны «кұлдардың», күйқа – желке,
Еңбек істеп, байлардан күн көреді.
Шыға алмайды қорғалап, тағы төрге.

Кіші жүз, руы – Алшын екі жігіт,
«Кірме»боп, Айдаболға сінген ерте,
Жөн білер, екеуі де пысық жігіт,
Бірақ та - сорлылардың, тоны келте.

Итқұлы жігіт болды, Ботантайға,
Бекен сінді бала боп, Кенжебайға,
Отын алып, мал бағып, бие сауып,
Қой бақты бір кездері, мініп тайға.

Екеуі- сөйтіп жүріп үйленеді.



Тұсау түсіп аяққа, жіп күрмеледі,
Тұқымы: «Итқұлының – Жүніс, Түсіп»
«Ақсудын» колхозында, ел біледі.

Сол кезде: «Бір қыз туған Итқұлыдан»
Көреді: «Қыз да болса, «айдарлы» ұлдан»
Он үштен – Он төртке, аяқ басып,
Жақсыны – жаманды да, танып қалған.

Күңілдік - қыздың аты, ақ сұр түсі,
Қара қас, қарақағтай екі көзі,
Жайдары ашуы жоқ, көпке ұнайды,
Шекердей тәттілігі, айтқан сөзі.

Айттырған: «Кірме «күлдың» қызы дейді,
Әр ісі, әрі сұлу - көркем түсі.

Өзінде тағы да жоқ, елік – желік,
Бейсауат сөйлемейді аузы берік,
Мұсылманша өзінің сауаты бар,
Оқуға да, жазуға сондай жүйрік.

Аққұба бидай өнді, тісі сирек,
Алатын ішкі сырды, ой мен түйреп,
Төңкеріп қара көзбен қараған да,
Найзадай қадалады, іштен түйреп.

Ажары Он төртінші, туған Айдай,
Жіңішке сұлу дене, мін жоқ сымдай,
Көрген жан Күңілдікке қараушы еді,
Қадалып құмар болып, көз айырмай.



Қыпша бел, ністе мұрын, жүзі шамдай,
Екі қасы Қарлығаштың қанатындай,
Сұлулық Күңілдіктің бір өзінде,
Тұра ма? көрген адам, естен танбай.

Ызбарлы мінезі ауыр, көлгір күлген,
Адамның ішкі сырын, ой мен білген,
Ұстамды сөзге шебер, тағы да өзі,
Қайтнайды бір сөйлесе, айтқан серттен.

Бойында Күңілдіктің қасиет көп,
Әйелге бұдан арғық, кім туады, - деп,
Аңыз гып елдің бәрі жүретұғын,
Бағы бар, қандай ерге кез болады, - деп.

Сұлуға алыс – жақын, бәрі бауыр,
Сөйлейді терең толғап, мінезі ауыр,
Сынаушы еді жігіттерді, сырттан байқап,
Бөріні көруші еді, жастан тәуір.

Қыз қандай ? көрсе Бөрі, о да сондай ?
Бөрі де қараушы еді, көз айырмай,
Көргенде Күңілдікті, үйде – түзде,
Бір ұшқын жүрегіне жайылғандай.

Жүруші еді бірін – бірі, іштей сүйіп,
Кекетіп кей уақытта, сөзбен түйіп,
Кез болып Бөрі қызға, бір аулақ та,
Сөйлесті әзілменен, күліп тұрып.

Бөрі айтты: «Күлімсіреп, ал Күңілдік,



Ер жетіп қатар өстік, бірге жүрдік,
Көңілімде саған айтар, бір мақсат бар,
Қосылсақ бір күн емес, мәңгі өмірлік.

Байлассақ сөзді бүгін, айтысын серт,
Бұзылып серттен қайтып, болмайық мерт,
Отқа бауыр, халыққа даурық салмай,
Шыққанша еш жыраққа, білмесін жұрт.

Күңілдік, шомды бір терең ойға,
Әйел ед сөзге шебер, тілі майда,
Сен берсең шын жүректі, мен де бердім,
Алысқан қол, айтысқан серттен тай ма?

Бекітті оңашада, сөзді байлап,
Қосылды екі көңіл, гүлдей жайнап,
Білгізбей іштей сырды, бір адамға,
Кездесіп түнде – күндіз, жүрді ойнап.

Осымен жүре берді, қыз бен Бөрі,
Бір адам сезген емес, ешбір сырды,
Бөрінің түнде – күндіз жүрісінен,
Күбірлеп ел аузына, өсек кірді.

Сонымен бұл ортада, өтті бір Ай,
Әуелден өсекке үйір, халық қандай?
Біреу рас, біреулер өтірік деп,
Көрмеген соң көзбенен, жүрді нанбай.

Қиындық басқа түссе, көнбек пенде,
Әркім – ақ ақылды ғой, жай жүргенде,
Аз күнгі көрген қызық, көрген түстей,



Кездесті екі ғапық, сәтсіз күнге.

Бір күні Бөрі жаман, болды науқас,
Басқандай өне бойын, тау менен тас,
Ыңқылдап екі жаққа, кезек аунап,
Төсекке жата алмады, көтеріп бас.

Ауру бол, жатты Бөрі төсек тартып,
Аузынан қан тоғіліп, кесек – кесек,
Сол жыны елді жаман, сүзек қаптап,
Сүзектен өлген жанда, болмады есен.

Бөріден қызық кетіп, ауру озды,
Түңіліп жас өмірден, күдер үзді,
Танымай алыс – жақын туыстарып,
Күңілдік – Күңілдік, - дей береді.

Жылайды Күңілдік те, қана болып,
«Шемеп – шер» көкірегіне, қайғы толып,
Бөрі өліп, мен аргында тірі қалсам,
Жүрем бе?, - деп көрінгенге, пенде болып.

Бөріні амал нешік, ауру жеңді,
Басына Күңілдіктің, қайғы төнді,
«Күңдікке» Күңілдікті береді, - деген,
Бір сыбыс, құлағына сөз естіледі.

Күңілдік отыр еді, ойға батып,
Маржандай көздің жасын домалатып,
Ботантай: «Шақырады, Күңілдік, - деп.»
Бір адам: «Кіріп келді, ырғап басып».



Бармауға: «Шақырған сон, бар ма ерік?,
Орнынан түрегелді, бойын керіп,
Шақырған адам менен, бірге еріп,
Үйіне Ботантайдың, келді кіріп».

Ботантай: «Жалт қарады, көзін тігіп,
Тікендей екі беттен, түгі шығып,
Қаһарлы Ботантайдың, түрін көріп,
Көпшілік: «Не айтады, - деп отырды бұғып».

Итқұлы да бала жоқ, қыздан басқа.
Қыз болса да көреді, ұлдан артық,
Беруге Күңілдікті «күң» орнына,
Ботантай: «Күңілдікке, салды құрық»

Ботантай: «Шақырып алды Итқұлыны»,
Көздегені: «Итқұлының, жас құлышы»,
Қыз бергенде «күң» берер «ереже»бар,
Еріп барсын қасына, бер қызыңды.

Айтқан тілді алмасаң, қодар құлым,
Қызың менен жоғалтам, өз көзіңді,
Мұрнын тесіп Тамаға, «күл»ғып берем,
Білесің ғой Итқұлы, мінезіңді.

Ботеке: «Бере алмаймын құлынымды,
Үзейін,- деп тұрмысың жұлынымды,
Балам менен өзіме, азаттық бер?
Жоғалтайын бұл елден, мен көзімді.».

Алданыш қып отырған жалғызымды,
Бере алмаймын «күңдікке», мен қызымды,



Ботантай: «Ашуланып жинады елді,
Шақырған соң кәрі – жас, бәрі келді.

Қызыңды бер «күңдікке» бер десем,
Қалай қылам, көнбейді – мынау «құлды»,
Жолаушының жолына, боғет қылмай,
Беріңіздер: «Көпшілік Күңілдікті».

Маман, - деген Ботантайдың туысқаны,
Итқұлыға таянды ұрысқалы,
Қыз түгіл, өз басыңда ерік бар ма?,
Батыр болсаң, қызыңды ұстап отыр кәні.

Қосылмай екі жаққа, үйде жатыр,
Бір терең ойға кіріп, Дербісалы,
Кірмейін, - деп бұл сөзге әдіс жасап,
Ауру болды сөйлеуге, келмей халі.

«Күң» беруге келіспей, «күхилдесін»,
Екі жақ боп көпшілік, отыр әлі.

Кенжесі Кенжебайдың, Бөрі бала,
Жай ғана тұрды сөзді, тыңдап қана,
Қаһарлы Ботантайдың, өктем сөзі,
Кірмей тұр, жас Бөрінің құлағына.

Жас Бөрі: «Сөз сөйледі көпшілікке»,

Кірме екен, - деп ұста ма ? кемшілікке,
Күңілдіктей осы елде, талай қыз бар?



Бересіндер күшпенен, оны неге?
Бәріңде де берсеңдер, қыздарың бар,
Қудала ма? «күл»ғой,- деп Итқұлыны.

Жалғыз үйлі «Алшын», - деп қамап тұрсың.
Түкірмей ме естісе, ел бетіңе?,
Бұл жұмыстың ақырын, көреміз,- деп,
Айтты да, Бөрі кетті өз жайына.

Сонымен Бөрі кетті, бұлар қалды,
Ұзатуға қызды енді дайындалды,
Бөрі қорғап қалғанын, ел көрсін, - деп,
Қызды қолмен Ботантай, тартып алды,
Қолдан келер қайрат жоқ, амалында.
Ата – анасы ботадай, зарлап қалды.

Ботантай: «Қос үй тікті, қызды ұзатты,
Мінгізіп қос жорға атты тұрмандатты,
Жиырма түйе қомдатып, жасау артып.
Күңілдікті «күңдікке» қоса берді.

Шұбылтып көшкен елдей, тізді түйе,
Бір тоғыз «кит»берді, Асан биге,
Жол жүріп Он күн ұдай, екі ортада,
Сайран ғып,сауыкпенен елге келді.

Ақсерке: «Тіл сұрады Асан биден,
Айтыңыз: «Тіліңізді, көрген – білген»,
Құрметі «құдаңыздын», қандай болды?,
Кәдені, жол – жобаны, біле ме екен?



Еш кінә таба алмадық, «құдаңыздан»
Кеткен жоқ, ет пен қымыз аузымыздан,
Әкелін салды бәрін алдымызға,
Мүлік жоқ бермей тығын, алып қалған.

Келгенде «күн»беруге, кері болып,
Бетіміз қайтты бірақ, бір баладан,
Баласы Кенжебайдың, Бөрі деген,
Қажымас қайсар жастың, біреуі екен,

Ол Бөрі: «Күн»беруге, қарсы болып,
Кедергі көп жасады, бізге неге?
Қан қатты, сол баланың жүрегіне,
Көшшілік жібермеді тілегіне,
Жылы емес түсі адамға, бір сұр екен?

Қауіп бар: «Сол баладан, күн түбінде»,
Байқап ем, - деді Ақсерке, мен де сынап,
Пәленің бойында бар, таудай талап,
Қайтпас сұр, қанды көздің нағыз өзі.

Біліпсің Асан биім, сен де сынап,
Бітірді ел жағдайын, бәрін сұрап,
Той қылды келген елдің, бәрін жинап,
Үш күндей ат шаптырып, ойын қылды,
Кәрі – жас, үлкен – кіші бәрі дуылдап.

Үш күндей ойын болып, ел тарады,
Көк шалғын ен жайлауда, ел жатады,
Жиналып қыз – келіншек, «Ақ отауға»,



Қосылып ертеңді – кеш, әп соғады.

Осындай сауықпенен күн өтеді,
Айлардан «Ай», жылдардан жыл өтеді.
Қу «күң», - деп Күңілдікке, күн көрсетпей,
Қорлықты Күңілдікке көрсетеді.
Тұрса басқа, отырса аяққа ұрып,
Үстіне бүтін көйлек кигізбеді.

Бас салып шашын жұлып, ойбайлатып,
Күндіз – түн жұмыс істеп, жүре берді.
Қой дейтін «бейшараға», жан ашыр жоқ,
Күңілдік қорлықпенен, жүре берді.

Кемдікте жүрді сорлы, «қапа»болып,
Айтпайды бұған ешкім, «обал»ғой деп,
Жүргенін мұндай жайда, қайдан білсін?,
Ата мен анасынан, хабары жоқ.

Таң атса тезек терер, қап арқалап,
Жарылған екі аяғы, қан сорғалап,
Тілінген екі аяғы, шөгір кіріп,
Әйтеуір өлмеген соң, жүр жорғалап.

Бір күні тезек терді, аулаққа ұзап,
Табаны жүргізбейді, шаншып – сыздап,
Отырып бір шұқырда, жылай берді,
«Құдай –ау»көрсеттің, - деп мұндай азап.

Күңілдік зарын жазды қағазына,
Көрсетпей тығып алды қалтасына,



Елімді «құдай» жазып, аман көрсем,
Халқымның оқимын, - деп орғасына.

Күңілдік демін алды, тезек әкеп,
Батуға күн таянды, күн де кеш боп,
Жолықты: «Бір пәлеге, тағы сорлы,
Үстіне жығылғанның, жұдырық – деп»,

Тергенің ұзақ күнге, бір- ақ қап деп,
Бақыртып теңкілеп жүр, шаштан сүйреп,
Апасы жан ашитын, бір жағынан,
Ода кеп, қойғылап жүр көрін бе ?деп

Күңілдік қашып кетті, жанын қорғап,
Сау жер жоқ денесінен, қан сорғалап,
Түбіне бір бұтаның, жатты келіп,
Әр ойға кіріп жатыр, далбасалап.

Ойлады осы жерден, кетсем, - деді,
«Бозатын» Ақсеркенің мінсем, - деді,
Бетімді Күншығысқа, тура қойып,
Бастаса «құдай» оңға, жүрсем – деді.

Жолшыбай: «Қашқын – жаудан, аман болсам,
Ақ жүзін Ата – анамның, көрсем, - деді,
Жол тауып ел – жұртымды, көре алмасам,
Көргенше бұл қорлықты, өлсем – деді.

Сол жерде, жатты жылап түніменен,
Қарны аш, дәм татпаған күніменен,
Ауылға ел жатқан соң, жетіп келді,
Бір үйді бетіне ұстап, іргесімен.



Көрінбей жатты келіп етбетінен,
Байғұстың таяқ өткен, тұщы етінен,
«Бозаты» Ақсеркенің, байлаулы тұр,
Үстінде «ер – тоқымы» жабдығымен.

Білгізбей атты барып, шешіп алды,
Үстіне жан – ұшырын, мініп алды,
Туралап «Күн шығысқа», бетін қойып,
Күңілдік: «Қош», - деді де, кете барды»

Күңілдік сол бетімен, кете барды,
«Бозат» жоқ, Ақсеркенің көзі ағарды,
Жас бала, жердің жөнін қайдан білсін?
Түзесін «күдай»өзі, «бейшараны».

Күңілдік жүрді талмай, бір күн – бір түн,
Жанында көрінбейді, қара шыбын,
Сол кезде Қарашаның, бас кезі еді,
Түн болса, қырау тұрып суытатын.

Үстіне көне көйлек, жыртық бешпет,
Болмады тым болмаса, етік бүтін,
Әрі аштық, әрі тоңып қалжырады,
Бойынан қуат кетіп, төртінші күн.

Сағынып: «Ел - жұртымен «Ата – анасын»,
Сондағы: «Күңілдіктің» - айтқан зары:

Сағындым ғой, Ата – анам,
Бір көруге жүзіңді,



Олсем арман, қылмас ем,
Аймаласам төсінді,
Өліп кетсем, көре алмай,
Кеше гөр «Анам» сүтіңді,
Сыртым жалын, ішім шок,
Жүректе қайғы, қана көп,
Көре алмасам, жан «әке»,
Кешіңіз Сіз де күніңді,
Қорлықта жүр, мей «қозың»,
Ағындай болып, екі көзім,
Кірмеймін бе түсіңе ?
Бір салмадың, ат ізін.
Жасы ма көңілім, жасы ма ?
Жасығанмен көңілім,
Таманың жаны аши ма?
Сүйегімді ағартпай,
Қайғы тарттым, мен мұндай,
Не қылмысым бар «құдай»,
Жан келмейді қасыма ?
Өмірімді қор қылдың,
Басымды байлап «құл» қылдың,
Жібек едім, жүн қылдың,
Басына келсін, ұл – қыздың,
Ботантай, саған не қылдым?
Әкенің бала қызығы,
Баланың «әке» қазығы,
Бұл қорлықта жүргенім,
Кірмеліктің жазығы,
Ботантай мен Ақсерке,
Көзімнің жасы сендерге,
Құнды ма ? едім осынша,
Ер өлтіріп, бұл елге.



Су да қайтар тасқындан,
Қайтар сонда арындан,
Ашылар ма екен, қабағым?
Қуанар ма екен жүрегім?
«Күн», - деген аттан құтылып,
Болар ма қабыл тілегім?
Тезегімді терейін,
Тағы да, таяқ жемейін.
«Алланың» салған ісіне,
Мен де шыдап көрейін,
Теріп жүріп тезегін,
Өртеп қайғы өзегін,
Батырды күнді жылаумен,
Ботадай боздап, ұзақ күн.

Күнілдік: «Еліме аман барсам, көпшіліктің
алдында оқимын, - деп қағазға зарын жазып,
қалтасына салып алды.

Басына бір төбенің, түсті келіп,
Қаңтарып байлап қойды, атғы берік,
Қисайып біразырақ, жатып еді,
Жата алмай түрегелді, қалш – қалш етіп.

Сол кезде бұлт шықты, күн желдетіп,
Ат пенен қызды суық селкілдетті,
Еңкейіп «Бесін» төмен, түскен езде,
Дауыл боп, қарлы – жаңбыр жауып кетті.

Ақтүтек кешке қарай, соқты боран,
Бір қатты дауыл тұрып, «Күн батыстан»



Сүйегім «қу» далада, қала ма?, - деп,
Кетпеді Күңілдіктің көзі жастан.

Жығылды «Бозат» ұшып, омағатып,
Тышырлап жаны шықты, аузын ашып,
Өлуге Күңілдікте, таяу жатыр,
Қалшылдап жылай берді, бетін басып.

Ықтады өлген аттың тасасына,
Бұлардың соққан боран қазасына,
Күңілдік: «Қарындаш пен қағаз алды,
Кетуге зарын жазып, ел – жұртына.»

Сонда Күңілдік өлейін, - деп жатқанда, ел – жұртымен
Ата –анасына және Дербісалға,
Бөріге өзінің жазған зары - мынау:

Қош бол енді, ел – жұртым,
Көре алмадым, Ата – анам,
Өлді жолда қорлықпен,
Әлпештеген жан ботаң,
Себеп қылып ажалға,
Соқты боран тым қатаң,
Жетті бүгін ажалым,
Тарқап жастық базарым,
Бойдан қуат, әл кетті,
Өлімнің келіп хабары,
Сүйегім қалды жапанда,
Құзғын – құртқа, жем болып,
Жас өмірім өттің бе?



Жанған оттай, күл болып.
Бұғау салып мойныма,
Ұстап бердің «күң» қылып,
Шыдамай қаштым қорлыққа,
Аттанғам жоқ жорыққа,
Көмусіз қалды сүйегім,
Ертеқ қылып халыққа,
Дәл Он төрт жасымда,
Жолдасым жоқ қасымда,
Көрмек пенде салғанын,
Қиындық түссе басына.
Қарт атам - Дебеке,
Нашарлады біздің хал,
Әкем менен анама,
Көзіңіздің қырын сал,
Шәндіген. Маман, Ботантай,
Өңгертің мені тоқтыдай,
Қарасат майдан болғанда,
Билік айтсын бір «құдай»,
Ұстап бердің «күндікке»,
Токтыдан да, мені оңай,
Әкем менен шешемді,
Уатыңдар жылатпай,
Бөрі саған тапсырдым.
Атам менен анамды,
Жазып кетем қағазға,
Іштегі шер, - зарымды,
Тірі жетіп, кездессем,
Шағам ғой досым - мұңымды.
Арманы ма? жеткізбей,
Бөгеді «құдай» жолымды,
Тірек қылып, жүруші ем,



Іздер, - деп Бөрі құнымды.
Тілегіме жеткізбей.
Ел мен жерді көрсетпей,
«Бозобаның» жонында,
Төктің «Алла» қанымды,
Жазған шығар осылай.
Жаралғанда азал да,
Қайтпас жолға, түстім мен.
Ақыреттік сапарға,
Жас болсаң да, Бөрі сен,
Қараушы едің нашарға
Жоктамасаң құнымды,
Қиямет - қайым болғанда,
Екі қолым жағанда.

Келмеді бұдан кейін, сөзге халі,
Шықпаған шала – жансар, жағыр жаны,
Қолынан қарындашы, түсіп кетті,
Қайта сөз бұдан кейін, жаза алмады.
Кез – келген малшы – қойшы, оқысын деп,
Қағазды қалтасына сала салды.

Күңілдік қалжырады халі құрып,
Сандалып бір отырып, бір жығылып,
Құлады: «Ей, «Алла», - деп оң жағына,
Туралап «құбылаға» жүзін бұрып.

Елестеп Ата – анасы, көз алдына,
Ұмтылды жан – таласып, қолын созып,
Керіліп бойын созып, көзі аларып,
Алды да демін бірақ, кетті жүріп.



Басында Бозобаның жетті ажалы,
Тарқады есіл жастың, ду базары,
Талай жас Күнілдіктей, арманда өткен,
Қараңғы елге, ауыр дәуір - сол кінәлі.

Күз өтіп, қар да кетті, шықты енді жаз,
Құс келіп, жылынды күн, қаңқылдап қаз,
Топ – топ боп, үйрек ұшып көл жағалай,
Жайраңдап, жанды – жансыз, бәрі де мәз.

Қыс өтті. Жаға берді, ел хабарсыз,
«Боз»жонда, өліп жатыр, ат пенен қыз,
Жолаушы Үш – төрт кісі келе жатып,
Үстіне ат пен қыздың болады кез.

Көрді енді өліп жағқан, ат пен қызды,
Астында жібіген жоқ, қатқан мұзы,
Күн жылы бар денесі, жібу жатыр,
Шоқыпты кара қарға, екі көзін.

Аз тұрып жолаушылар, аттан түсті,
Аунағып олай – бұлай, өлген қызды,
Астында жамбасының, қағаз жатыр,
Қағазға жолаушының, көзі түсті.
Қағазды енді бұлар, қолына алды,
Қағазға жазған қыздың, зарын оқып,
Бұзылып біраз ғана, жылап алды.

Жер қазып, жақсы жайлап қойды көрге,
Қойған соң, жүріп кетті өз жөніне,



Жол жүрін, бір күн – бір түн жолаушылар,
Кездесті «қоналқаға», қалың елге.

Тұсына бір «Бозүйдің» тура келді,
Сөйлеспей түсе қалды, дәл сол үйге,
Жолаушы атын байлап, кірді үйге.
Кірген соң, «сәлем» беріп, шықты төрге.

Үй емес, анау – мынау салтанатты,
Жазулы таза көрне, жағыр төрде,
Жетпістің шамасында, «қарттау» адам,
Шалқалап ұйықтап жатыр төсегінде.

Оянып ұйқысынан, ашты бетін,
Қарады жолаушыға, бұрып бетін,
Қай жақтан ? Келесіздер азаматтар !
Түстерің тәуір екен жөн білетін.

Тарақты - руымыз, Нөкта ағасы,
Білетін шығарсыздар - Байғозыны ?,
Солардың - сұрасаңыз нәсіліміз ?
Бар, - деді осы жақта нағашымыз.

Бұлрдан: «Ол ақсақал жөн сұрады,
Бұлар да, жөн сұрауға ойланады»
Айттық біз: «Жөнімізді сұрадыңыз?»
Қсақал: «Өз нәсіліңіз, кім болады?»

Адамға жөн сұрасу, үлкен міндет,
Жөн білмеген еркекті, - дер қатын деп,
Руымды - сұрасаң, Сарым болар,
Аты шулы, өз атым - Дербісал деп.



«Дербісал», - деген кезде таңқалады

«Дербісал», - деген кезде таңқалады,
Қонақтар бір – біріне, жалт қарады,
Қағазда осы адамның, аты бар, - деп,
Көруге қалтасынан, қағазды алды.

Оқыды сыбырласып, қыздың сөзін,
Бөрімен, қосқан зарға Дербісалды,
Ақсақал: «Оқыңыз, - деп мынау хатты,
Қолына Дербісалдың бере салды».

Дербісал: «Оқып отыр, қолына алып»
Бұзылып: «Түсі кетті, сұп – сұр болып»
Жас ағып «сақалынан» Алты тарам,
Денесі еріп кетті, жездей болып,
Дербісал: «Олай толқып, былай толқын,
«Уһ-аһ», - деп анда – санда, бір күрсініп,
Дербісал: «Жолаушыдан сөз сұрады»
Сүйегін: «Көздеріңмен, көрдің бе, - деп»
Дербісал: «Қайта – қайта сұрай берді»

Сүйегін: «Қойдық,- деді қолымыздан,
Әдейі қалып тұрып, жолымыздан,
Хат – қағазды қалтасынан, тауып алдық,
Өлерде ішіндегі зарын жазған.

Сүйегін жақсы жайлап, қойдық көрге,
Қойған соң, жүріп кеттік жөнімізге,
Дербісал, - деген кезде, ойға түсіп?
Хат- қағазды бердік сонан соң «өзіңізге»



Сонымен қонақ жатты, дәмін ішіп,
Дербісал: «Ұйықтамады, ашу қысып,
Таң да атты, ауыл тұрды шайын ішіп,
Қонақтар «қош» айтысып, кетті жүріп.

Дербісал: «Жинап алды, елдің бәрін,
Білмейді жиналған ел, не айтарып»
Хат – қағазды ортасына, тастай берді,
«Оқы», - деп Күнліктің жазған зарын:

Хат – қағазды алып көпшілік,
Ортаға алып оқыды,
Көздерінен жас ағып,
Кейбіреулер өкірді,
Нардай боздап әкесі,
Құлыным – деп Анасы,
Бордай болып езілді,
Арманда кеткен «қозым»-деп
Ағып түсті көзім,- деп,
Қабырғасы сөгілді,
Зарлағанда Анасы,
Еріткендей болды темірді,
Тоқтау айтып, кәрі – жас,
Жыламаңдар, - дей берді,
Көп айтқан соң, Итқұлы,
Жылағанды қойды енді.

Дербісал мен Бөріге,
Сөз кезегі, келді енді,



Бір «әңгіме» бастарын,
Көпшілік те, білді енді.
Көпшілікке үніліп,
Түгі кетті үрпийіп,
Қаһарланып Дербісал,
Қайратына мінді енді.

Дербісал сөз бастады:

«Дербісал: «Сөз сөйледі, көпке карап»,
Шақырды: «Жас Бөріні, жеке қалап»
Аттанам: «Қартайсам да, өзім бас боп»
Тұрамын: «Бұл қорлыққа, қалай шыдап»

Көпке ұнаған: «Құдайға» да, ұнайды, - деген.
Бересіңдер көпшілік, қандай жауап?»

Бермеді бұған жауап, ешкім ашып,
Ел отыр бір тұңғыық, ойға батып,
Бір қыз үшін шабысқан, дұрыс па ? - деп
Кете ме ? – деп біреулер, ел шабысып.

Халықтың тоқта деуге, шамасы жоқ,
Сөйлесті білгізбей еппен сыбырласып,
Орнынан ұшып тұрды, бала Бөрі,
Екі жақ қалтасында, екі қолы.

Денесін ашу кернеп, бойын керіп,
Қызарып қанталаған, екі көзі,
Жас Бөрі: «Елдің тұрып, ортасына»,
Бөрінің: «Сонда - мынау айтқан сөзі:»



Оқыдыңдар көпшілік,
Күңілдіктің сәлемін,
Осы жолға, басымды,
Құрбаңдыққа беремін?
Ақсеркеден кек алмай,
Кек алмасам «күн»алмай
Жалғанда өмір сүрмеймін,
«Алла» жолды оңғарса,
Осы жолға жүремін,
Алты мойын, бір басым,
Не салса да көнемін,
Желісін қиып, сабасын,
Керегесіне ілемін,
Елін шауып, ойрандап,
«Ақ ордасын» талқандап,
Туырлығын тілемін,
«Ақиық» атты мінемін,
Оқ өтпес сауыт киемін,
Ақ найзаны қолға алып,
Беліме садақ ілемін,
Не салғанын «Алланың».
Осы жолда көремін,
Осы жолда өлімнен,
Өлмесем аман келемін,
Ақсеркенің сазайып,
Айқасқан жерде беремін,
Қанды - қанмен жумасам,
Шыбын жанды қорғасам,
Несіне жан боп жүремін.
Батаңды бер: «Дебеке !».



Жассың демей Бөріге,
Тағдыр билер қашан да,
Ажалсыз адам өле ме?
Тәуекел, - деп мінеік,
Нашар үшін көмекке!
Бітірді Бөрі бала, айтып сөзін,
Қамалып білмей отыр, ел не дерін.

Көпшілік: «Дербісалдан сөз сұрады,
Болады, - деп қай уақытта жүрістерің?»

Жүреміз, - деді Бөрі, екі күнде,
Хабар ғып жан – жақтағы, барлық елге,
Жүретін азаматты, есепке алды,
Шақырып жігіттерді жеке – жеке,

Шақырды: «Жігіттердің атын атап,
Ерекше тәуірлерге, көзін қадап»
Екі жүз кісі болды, санаған да,
Өңкей жас «Жолбарыстай» аттанатын.

Болады: «Ертең жүріс, - деді Бөрі,
Қауіп жоқ, жүрмей жолдан тоқталатын,
Жігітті жүретұғын, сайлап алды,
Аттарын мінітұғын, байлап қойды.

Азыққа жолда керек болады – деп,
Бұл «күр» жетекке алды, сегіз тайды,
Батырлар: «Жүреміз, - деп тұрды ерте,
Жігіттер кліп жатыр, бірте – бірте».



Дербісал: «Атын ұстап, тұрмандатты»,
Жүруге: «Өзі бас боп, осы жолға»
Аттанып: «Азаматтар, шықты былай,
Шуылдан қатын – бала, тұрды жылай»

Кіссесін: «Мойнына сап. Дербісалы»,
Қор қыл ма ? «Ақсеркеге, - деді «құдай»,
«Құдайға»: «Дербісалы айтты зарын»
Шакырын: «Майқы, Танас - аталарын.

«Сеңкібай», «Жидебай мен «Қараменде»,
Сыйындым: «Әруағыңа» мен Сіздерге»,
Үш жүзге: «Сөзің ұран», «Жолың құрал болған»,
Сыйындым: «Ел ағасы Қазыбекке»,
Бандыға пенде қылып, жазым ет пе?

Мойнына Дербісалы, кісе салды,
Сыйынып өткендерге, көп жалынды,
Өзінің жаз жайлайтын, «Бозжорға» атын,
«Құдайға»: «Бозқасқа», - деп айтын шалды»,

Бірі жас, бірі кәрі екі батыр,
«Ту» ұстап: «Екі жерден, кете барды,
Жөнелді өңкей батыр, ығай – сығай,
Күндіз – түн, бірдей жүрді дамылдамай»,

Ертеден: «Батыр, - деген аты шыққан»,
Біреуі: «Үш батырдың, ер Қашқынбай,
Тірі жетіп, Ақсеркеге кездескенше,
Келеді жүректері, бір басылмай»,



Батырлар: «Найза ұстаған, ұзын сапты,
Тұрлері кеткендей боп, елді таптап.»
Батырлар: «Беті түзу, жүре берсін,
Кетейік Ақсеркеге, біраз тоқтап».

Күңілдік қашып еді Күздігүні,
Жолда өлген, елге жетпей Қыстыгүні,
Басында «Бозобанын», жатты қыстай,
Білген жоқ, жаз шыққанша ешкім мұны?

Арманы Ақсеркенің, «Бозат» болды,
Адам, - деп ойлаған жоқ, Күңілдікті,
Қолымнан шығып кетті, «Бозатым», - деп,
Қой – серкеш өлсе «күңің», барлық құны.

Ақсерке ойға кірді, бір күн тұрып,
Есіне «Бозат» түсті, жазды көріп,
Сарымға: «Екі – үш кісі жіберейін.,
Ат пенен «күңді» қоса, әкелсін, - деп.

Шақырды: «Үш жігітті, «кел», - деп мұнда»,
Үшеуің: «Жүресіндер, алыс жолға,
Қайтар, - деп ат пен «күңді», хат жазамын,
Апарып бересіндер, Дербісалға».

Берсе де, бермесе де тез қайтыңдар ?,
Таусылмас ет пен қымыз, жатып қал ма?
Үшеуі: «Жүріп кетті, хат – қағазды алып,
Қоржынға жолда жейтін, азық салып»,

Үшеуі: «Бірнеше күн жолда жүріп,



Сарымның ел шегіне, жатты барын,
Бір – екеу келе жатыр, қарсы жүріп,
Екеуі тұра қалды, бұларды көріп.

Үшеуі: «Бір – бірімен ақылдасты,
Кетейік мына екеуден, жөн сұрасып»
Жолықты: «Екеуге, үшеу сәлемдесіп,
Қолалып амандасты, жөн сұрасып».

Жолдарың ! болсын, - деді азаматтар,
Қай жаққа барасыңдар ?, түсің қашып.,
Барамыз, - деді Үшеуі, алыс жолға,
Бұрылдык: «Сіздерге, біз жолығуға,
Әдейі елден іздеп, шығып едік,
Қарт батыр: « Дербісалға жолығуға».

Ол екі адам: « Үшеуіне жауап берді».

Дербісал: «Үйінде жоқ, кеше кеткен,
Екі жүз әскері бар, қасына ерген,
Олардың беті «Тама», болу керек,
Шағасқан ол елменен бір себептен»

Үшеудің сөзі:

Кеткенін Дербісалдың көрдіңіз бе?,
Әйтеуір, дейді – дейді сөзіңіз бе?,
Тамаға не жұмыспен барады екен,
Олардың жөнін әбден, білдіңіз бе ?

Олардың бетін білдік, бара жатқан,



Ботантай: «Ақсеркеге, қыз ұзаққан,
Қыз бергенде «күң»беру ел мұрасы,
«Күң» беретін бір гадет бұрынғыдан.

Күңілдік, - деген еді «қыздың аты».
Басынан нашар болған, арғы заты,
«Күңсің», - деп Күңілдікке, күн көрсетпей.
Көп бопты Ақсеркенің қиянаты.
Қорлыққа шыдай алмай, қашты елге.
Астында Ақсеркенің «Ақбоз» аты.
Күңілдік ел таба алмай, жолда өліпті,
Естілген аз күн болды, жаман аты.

Кез бопты бір жолаушы, ат пен қызға.
Жанынан тауып алған, жазған хатын,
Жолаушы қыздың хатын, әкеп берген,
Тұрады қалай шыдап ? елдің дәті.

Ол елді шаппақ болып, бара жатыр,
Бір түрлі Дербісалдың, жаман беті,
Үшеуі тұрды тыңдап, аңырайып,
Дірілдеп көзі кетті, адырайып.

Асты да: «Балта сабы» бір кезеңнен,
Қайқайып жалт беріп, кетті тайып».
Еліне: «Жолаушылар тартты түзу,
Еліне жылдам жетіп, хабар беру».

Жатқан да: «Ел бейсауат, шаба ма?, - деп,
Олардан бұрын елге, хабар беру».
Үшеуі: «Шабуылмен, елге келді,
Келді де Ақсеркеге, хабар берді,



Жау қаптап, ел шабуға келеді, - деп.
Естіген сөздің бәрін баяндады».

Үшеуміз: «Ат пен «күнді»шықтық іздеп,
Күндіз – түн бірдей жүрдік, жетеміз, - деп.
Барған да ел шетіне, хабарладық,
Бір – екі жолаушыға, жолда ез боп.

Сұрадық ол екеуден, елдің жонін,
Дербісал: «Үйінде ме? не бар жоғын».
«Тама» беті, аттанып кетті, - деді,
Ақсеркені бір шабу беті болып.

Естідік те бұл сөзді, қайта салдық,
Жеткенше елге қашан, тоқтамадық,
Жасанған жау, ел шауып қала ма?, - деп,
Елді бұрын біз келіп, хабарладық.

Ақсерке: «Естіген соң, мына сөзді,
Бір түрлі жүрегіне, ашу кірді.
Жан – жаққа ат шаптырып, сауын айтып,
Ат жетер жердегі елдің бәрін жиды»

Ақсерке: «Кіріп алды, бар күшіне,
Долданып ие болмай, денесіне,
Жан – жақтан ел гуілдеп, келіп жатыр,
Адамдар лек – лек болып, үсті – үстіне».

Адам жоқ шақырған да, келмей қалған,
Үш жүздің шамасында, кісі болған,
«Күн» үшін ел шабам, - деп келеді дейді,
Бұзылған: «Не, - деген ел, қансыраған.



Ақсерке: «Көпке айтты, қарсы жүрсек,
Жау кірсе ішімізге, ел бүлінбек,
Елеіз де соғыссақ та, бітіссек те,
Қызықты «Сарыдалада», бірақ көрсек».

Бұл сөзді, жиылған жұрт, - деді мақұл,
Бұ да бір табылмайтын, үлкен ақыл.
Келісіп осы сөзге, жүре берді,
Бастады: «Қолды өзі - Серке батыр».

Беті еді «Жыланшықтың» қарауылы,
Шығуға «қарауылға», бара жатыр,
Дегендей «Жыланшықта» бас қосайық,
Қалың «қол»тап сол күні, қонып жатыр.

«Қол»жатыр Жыланшықтың бауырында,
Отыр еді біреу шығып «қарауылға»,
Алыстан келе жатқан, «қолды» көрді,
Көрген соң хабар бермей, тұра алсын ба?

Көрген соң «қарауылшы» аттандады,
Ал, ааттарыңа мініңдер, келіп қалды,
Келіп қалды қалың жау, дегеннен соң,
Аттарына жапырлап, мініп алды.
Қаптай шауып биікке, шығындар, - деп?
Команданы Дербісал, беріп қалды.

Жөнелді: «Дербісалы, бастап елін,
Буынған ақ жібекпен, мықтап белін».



Айбыны: «Арыстандай», бала Бөрі,
Белсеніп қаһарланып, екі жеңін».

Екі жақ: «Бірін – бірі, тұрды көріп»,
Шабыспай: «Екі жағы, түр иіріліп»,
Шабуға: «Екі жақ та, даярланыш»,
Шапқанша: «Шыдамай түр, өңкей түлек».

Аксерке: «Бір қияли, кірді ойға,
Ойланды да қарады, Асан биге,
Атысу ма ? тілегі, шабысу ма?
Сен барып кел Асан би, Дербісалға»

Асан би: «Барып келсін Дербісалға,
Ұсталып өз сөзіңнен, қапы қал ма?
Ел шабуға: «Біріншіден, мақсаты не?»
Олардан екіншіден, мұны сұра».

Құда боп: «Ботантайдан алдық қызды»
Дербісал: «Ұят – ардан, қалай безді»,
Ұялмай ел шабам, - деп келе жатыр,
«Ат арты, қума байтал бір «күн» үшін».

Дербісал қайтсын, - деді, құр шатаспай,
Болмаспын тегін олжа, мен де оңай,
Құны жоқ қой –серкештік, бір «күн» үшін,
Шабады Дербісалы, елді қалай?».

Құлшынып ел бүлдіріп, шаппақ мені,
Жаман «күн» кіндігінен, туған қызды,



Дербісал: «Біле тұра адаспасын,
Елменен текке оралып шатаспасын.

Арыстан: «Айға шауып мертiккендей,
Мертiгiн ол да сондай, қор болмасын,
«Күн» үшін Ақсеркенi, шабам десе,
Ол тiлесе: «Мен даяр, шықсын былай».

Асан би: «Келдi аяндап, Дербiсалға,
Келiстiрмек екi жақты, тiлiн алса,
Асан би: «Көпшiлiкке сәлем бердi,
Болсын, -деп жолдарыңыз ! тұрған қолға»

Көпшiлiк: «Асан бидi, ортаға алып,
Не айғар деп ел отыр, құмарланып,
Мақалдап өткендердiң сөзiн айтып,
Асан би: «Сөз сөйледi, аз толғанып»

Жiбердi менi Сiзге, Серке «құдан».
Қатарлас сүйген сүйек, ерке құдан,
«Қол» жинап, елдi шауып бүлдiретiн,
Бар екен айтсын, - дедi, қандай жазам.

Дербiсал: «Ел шабатын, мақсаты не?
Мұнша iздеп бiр «күндi», пайдасы не?
Бiр «күн» үшін бүлдiрмей, ел арасын,
Қаншығармай Дербiсал, қайтсын дедi.

Бұл сөзiмдi Дербiсал, терiс көрсе,
Ол тiлесе мен даяр, Дербiсалы.
Жекпе – жекке, Майданға шықсың, - дедi,
Жамандықты сүймейтiн, мен бiр «Елшi»,



Бір жауабын Сіздерден, әкел, - деді.

Дербісалдың жауабы !

Үздік біз: «Ақсеркемен сүйектігі,
Бергіміз жоқ өлтір, - деп Күңілдікті,
Адамзаттың баласын, мұнша қорлап,
«Кемдікте» ұстап, қорлықпен жолда өлтірді».

Шабысуды: «Ақсерке қойсын десе,
Ер жолымен толық қып, құнын берсін,
Ер өлтірген «тентектің»жолыменен.
Ат бастаған «Тоғыз»ғып, айып берсін.

«Құн» беруді Ақсерке, намыс қылса,
Мен де даяр. Ақсерке былай шықсын?

Ақсерке: «Дербісалдың сөзін естіген соң денесін ашу кернеп, қайраты бойына сыймай, «Буырлы бедеуді» ерттеп мініп, беліне садағын байланып, найзасын қолына алып тұрып, сөйлеген сөзі - мынау:

Естіген соң Ақсерке,
Ашуланды шамданды,
Сауытын киіп үстіне,
Садағын белге байланды,
Басына киді қалқанын,
Шығарам,- деп талқанын.
Қолына алды семсерін,
Екі иығы селкілдеп.



Мас кісідей теңселді,
Долданып тілі күрмелді.
Түгі шығып бетінен,
Бер, - деп «күдай» тезінен,
Ақсерке батыр күңіренді,
«Буырлы» бедеу, берік, - деп,
Ерттетті «желдек, - деп,
«Бедеуге» батыр, мінді енді,
Майданға жалғыз шығам, - деп,
Не болсам да, көрем, - деп,
Шабыңыздар, көбің, - деп.
Дербісалдың сазайын,
Жалғыз өзім, берем, - деп,
Өлмасем аман, келсем, - деп.
Өліп кетсем, жазым боп,
Ел – жұрты ма ? «сәлем», - деп,
«Буырлы» тұлпар, «бедеумен»,
«Қош», - деді де жөнелді,
Ақсерке қақты «дабылды».
«Шық былай», - деп ақырды,
«Бедеуін» батыр, орғытты,
Айқайлап елді қорқытты.
Айнала шауып, ақырып,
Жеке шығып, тұрды енді.

Дербісал: «Айтты көпке, мен барайын»,
Не өліп осы жолда, не алайын,
Жетпіске жасым жетті, арманым жоқ,
Мұндайдың мен де көрдім, біргалайын,
Сыйынып: «Майқы, Сарым «әруағына»,
Айқасып: «Ақсеркемен, бір көрейін.



Беріндер: «Ақиықты» ерттеп маған,
Осы жол берсе «күдай», бір тілекті»,
Байланып: «Кәрі жолдас, садағымды,
Найзаны қолы ма алын, қос желекті,
Бір шығып, Ақсеркемен жекпе – жекке,
Бұларға көрсетейін, қызығымды».

Бөрі батыр түрегеліп, көпшілікке қарап тұрып:
«Ата»атыңды бер, мен шығайын, - деп Дербісалға, Бөрінің
айтқан сөзі – мынау:

Теріс, - деді жас Бөрі,
Дебеке, Сіздің мұныңыз,
«Ақиық» ат астында,
Маған түсіп беріңіз ?
Жасыңыз келді Жетпіске,
Қайтқан Сізден күшіңіз?
Көзіңізден «нұр» тайып,
Ағарды сақал – шашыңыз,
Көңіл арып, қартаймас,
Мұны да ойлап, біліңіз,
Мен шығайын «Майданға»,
Батаңызды беріңіз!,
Жекпе – жекке шығайын,
Жүрегіне найза тығайын,
Басын доптай қағайын,
Сол жағына жығайын,
Ақсерке жас, Сіз «кәрі»,
О да батыр, «мерт» қылар,



Жазылмайтын «өмірге»,
«Ұрпағыңа» дерт болар,
Не өлтіру, не өлу,
Батырлар да, «серт» болар,
«Ақиық» атты, маған бер,
Менікі батыр, жөн болар,
«Қартайғанда» жолда өлсең,
«Тұқымыңа», «дерт» болар.

Көпшілік: « Бөріге беріңіз – деді».

Бөрінің сөзін халық, дұрыс -- деді,
Батырдың шығам деуі, теріс -- деді,
Жиналған көпшіліктің, тілегі сол,
Бөріге «Ақиықты» берсін – деді,
Шақырып: «Жас Бөріні, жекпе – жекке,
Артынан «дұға гөй» боп, тұрсын – деді».

Дебекен: «Түсті сөздің жүйесіне,
Сол жерде қартайғаны, түсті есіне
Кәрілігін ел айтқан соң, жаңа білді,
Жаспын, - деп жүреді екен, көңілінде.,
«Бойымнан қуат кетті, мыйдан ақыл,
Берейін: « Атты» енді иесіне».

Шырағым: «Мін атына, Арыстаным,
Қатардан жас болсаң да, қалыспадың,
Бойың өсіп, бұғанаң қатқан да жоқ,
Соғыс көріп бұрыннан, ысылмадың»



Атыңды мін, қолыңа «жаруыңды»ал,
«Құдайға», Арыстаным тапсырамын,
Деген соң Бөрі батыр, атқа мінді,
Есінен аузын ашып, бойын керді,
Жәрдем бер жас Бөріге, бір «құдай», - деп,
Көпшілік шуылдасып, жылай берді.

Атына Бөрі батыр, мініп алды,
Сауытын «Тоғыз қабат», киіп алды,
Алдында Дербісалдың, тұра қалып,
Беріңіз: «Енді маған, «Бата», - деді»,

Дербісалдың қолын жайып – «Бата» беруі:

Қолыңды жай қарағым,
Алдыңнан жансын шырағың,
Кетпесін қолдан құралың,
Үстем болсын мұрадың,
Өз құрбыңның алды бол,
Тұқымың өсіп, малды бол,
Сөзге шебер, шешен бол,
Ел бастайтын, Көсем бол,
Жауың жездей жасысын,
Көңілің судай тасысын,
Алдыңнан Бөрі, «Күн» тусын,!
Артыңнан «Шолпан», «Ай»тусын!
«Әруақ» пенен «құдайға»,
Бөрі сені тапсырдым,
Майданға енді, шыға бер !



«Бата» алды Бөрі батыр ағасынан,
Дұшпанның сақта «құдай»табасынан,
Іс болса, жақсы -- жаман кешіңіз, - деп,
Жағалай «қош айтысты»жолдасымен,

Астына мінді Бөрі «Ақиықты»,
Тұлғасы нақ тұлпардай, тым сүйекті,
Басына қалқан киіп, қолына алды,
Жебелі ақ найзаны, қос желекті,
Үстіне «тоғыз қабат», сауыт киіп
Майданға Бөрі батыр, шауып шықты.

Ақсерке ақырып тұр, шық бері, - деп,
Ақсерке - менің атым, өлесің, - деп,
Бөрі бала сен менің теңім емес,
Шықсын былай Майданға, Дербісал, - деп,

Орғытып «Ақиықпен» келді Бөрі,
Табанға сал, - деп «құдай» Ақсеркені,
Кездесті екі батыр «Сардалада»,
Белгісіз ол жеңеді, бұл --женеді.
Жас Бөрі тұра қалды, шауып келіп,
Бүркіттей тұлкі көрген, көзі төніп

Шақырды: «Жетпістегі Дербісалды,
Алсаңшы батыр болсаң, мені жеңіп,
Аспандағы «Айға» ұмтылған Арыстандай,
Алқынып аптығасың, босқа еңтігіп,
Кезек бер, - деді Ақсерке, Бөрі маған,
Кезекті үлкен алар, бұрынғыдан.



Барып тұр. батыр болсаң, - анау жерге,
Тартамын садақпенен. сүйген жерден.,
Бөрі айтты: «Бердім кезек. Серке саған,
Берерсің сен де кезек. тірі қалсам».

Жас Бөрі тұрды барып, қарсы қарап,
Жылады дәл сол кезде, ел шуылдан,
Майысқан көк шыбықтай, балдыр еді,
Аузына ажал оқтың, тұрды шыдан,
Шуылдап: «Қол күңіренің, жылай берді.
Өмірін жас Бөрінің «қыл». - деп ұзақ»

Садағын Серке, қолға алды,
Сегіз қырлы, оқ салды,
Қыран құстай қомданып,
Қарт бурадай шамданып,
Басын тежен «Бедеуін»,
Ақсерке батыр толғанды,
Қақ жүректің тұсы, - деп,
Өлер жерің осы, - деп,
Балдырғандай Бөріні,
Шіреніп тартып қалады,
Зырқырап оғы кетеді,
Жас Бөріге жетеді .
Тоғыз қабат «қаттаудың»,
Сегізінен өтеді,
Бііреуінен өте алмай,
Денесіне дарымай,
Өлімнен Бөрі қалады,
Өлімнен аман қалған соң,
Жығылмай аттан тұрған соң,
«Әруак», - деп көпшілік,



«А, құдай», - деп шулады,
Өлімнен Бөрі қалады,
Бөрі кезек алады,
Үстіне киіп сауытын,
Беліне садақ іледі,
Тоты құстай сыланып,
Ақ найзаны, қолға алып,
«Ақиық» атқа мінеді,
Қуат бер,- деп ішінен.
Бөрі батыр тіледі,
Бетін батыр түзеді,
Ақ найзаны безеді
Жас Бөрінің аларын,
Ақсерке де сезеді.
Қашатұғын қатын ба ?,
О да батыр шыдады,
Бөрі батыр кырланып,
Түсі кетті сұрланып,
Қауіп қып тұр, Ақсерке,
Қайтер, - деп ойланып,
Найзасын Бөрі сермеді,
Дәл жүректен түйреді,
Қабырғасы күйреді,
Ақсеркені құлатып,
Балықтай шаншып түйреді,
Іліп алып «Бедеуді»,
Бөрі батыр жөнелді.
«Тама» жағы жеңілді,
«Сарым» жағы есірді,
Ақсеркені өлтіріп,
Бөрі батыр көңілді,
Жығылған соң «Арысы»,



Жоқтала ма? намысы,
Бас аман, - деп өзгесі.
Еліне қашып жөнелді.

Шатланды (шаттанды) Сарым жағы, ер олгіріп,
Қайғырып Тама жағы, қайтты кемін,
Жас Бөрі: «Батыр», - деген атақ алып,
Бұл сапар жолы болды, шоқтығы өсіп..

Көпшілік: « Дербісалға, ақыл салды,
Бетті түзеп, енді қайда жүреміз – ден,
Ер өлді, Тама қашты, «құным»бітті,
Жүреміз елге қарай түзеп бетті».



Ер өлді «Тама» қайтты, құның бітті,
Түзейік елге тура, енді бетті,
Олсе де Күңілдіктің арманы жоқ,
Жолдас қып. Ақсеркені ала кетті.

Жүрейік, - деді Бөрі, енді жатпай,
Қолдағы қару күшті, ажыратпай,
Жүрегім менің сірә, басылмайды,
Ауылын Ботантайдың бір шулатпай.

Ботантай, Ақсеркенің ет құдасы,
Екеуі болған жоқ па? ел құдасы,
Бірі өлтірді, біреуі байлап берді,
Екеуінің жоқ сірә айырмасы.

Түн қылды: «Бұл Ботантай, елдің таңын,
Пісірді лебіменен, отсыз дәмін,
«Күңдікке», Күңілдікті ұстап беріп,
Жазықсыз нақак жастың, төкті қаның».

Мен оған, Бөрі атымды білдіремін,
Оны мен бір жылатып, күлдіремін,
Іскен кеуде, өскен бойын төмен басып,
Тәубесін: «Ойына мен түсіремін»,

Егескен жауым өлді, кегім бітті,
Жетейік елге қайтып, тездеп енді,
Ақгадым Күңілдіктің жолдастығын,
Артқан мойныма зор міндетті.

Ботантай жүрген бұрын, жеке шауып,
Туғызған бұл «әңгіме», үлкен қауіп,



Ертеден: «Ел. Ақбокен»,- деген мақал,
Бөріге елдің беті. кетті ауып».

Кеткелі Бөрі жолға, Ай өтеді,
Іздеген Ақсеркеге кездеседі,
Майлаңда Ақсеркені өлтірді, - деп.
Бір хабар, жүйрік өсек сақ етеді.

Ботантай естіп білді, бұл хабарды,
Ішінен «у» ішкендей қапаланды.
Қашуға түнде көшіп, бетін түзеп,
Кетуге шетке шығып, ой – ойлады.

Кетуге түнде көшіп, белді байлап,
Иірді «қотанға»әкеп, малды байлап,
Ертерек үйді жығып, буып – түйіп,
Үстатып қош аттарын, қойды сайлап.

Күн баға түйе қомдап, жүкті артты,
Ілгері мал айдауға, салды қартты,
«Сарыарқа», ел менен жер. аман бол, - деп?
Ақмешіт, беті Ұлытау шеру тартты.

Ботантай түнде үркіп, кетті қашып,
Не қиын «күз – шың»шөлден кетті асып,
Шыққан соң «Құлан жортпас», жапан түзге,
Кеш қонып, ерте көшті бойын жазып.

Кеткелі бұлар көшіп, болды Он күн,
Кеткенін қалай көшіп, білмеді ешкім?..
Сол күні: «Екі жүз «қол», Бөрі келді,
Үстіне шулап – дулап жатқан елдің.



Бөріге келіп жатыр, ел жиылып,
Ісіне жас Бөрінің жұрт сүйсініп.
Бөрі кеп, Дербісалға сәлем берді,
Майысын жас шыбықтай, басын иіп.

Келдің бе?: «Аман – есен, «Жолбарысым».
Күшіңмен - бұл жорық та, көрінді ісің,
Дұшпанның белдескенде, белін үздің,
Кетпесін басыңдағы, бақыт құсың.

Бөрі айтты: «Болған істі, бастан аяқ,
Тістей – ақ, тілдей қызыл тастамай – ақ,
Қара істі, ақ іс жеңбек қашаннан да,
Ақсерке тартты «садақ», аянбай – ақ».

Жолы болмақ қайда жүрсе, адал ердің,
Мен Сізді тірі көріп, «сәлем» бердім,
Алыстым: «Арыстанмен «Сардалада?»,
«Қарт ата»: «Батаңызбен, аман келдім?»

Деп Бөрі: «Сөзді осымен аяқтады,
Өтірік не мақтаныш, сөз қоспады,
Кеткенін Ботантайдың, түнде көшіп,
Бөріге: «Айтып түгел, баяндады».

Ботантай көшіп қашты. Он күн болды,
Ізdedік таба алмадық, Оң мен Солды.
Күндіз бар, түнде жоқ боп кетті көшіп,
Ауыл жоқ, көрдік бірақ қалған жұртты.



Бұл сөзді: «Бөрі батыр, болды тындап,
Сойледі бір – екі ауыз, кеңнен толғап,
Ат аунап, ер қонысы таба алады,
Арқаның көлемінен, кетпейді ұзан».

Дербісал: «Былай, - деді Бөрі жасқа,
Жетеді осы атағың, «қас»пен «досқа»,
Ботантай «қашқын» болды, Ақсерке өлді,
Тірі емес өлгенменен – бір ауыр жаза.

Дербісал: «Әрі әкесі, әрі атасы,
Қарттың қабыл болған, оң «батасы»,
Іздеуді: «Ботантайды қойыңдар, - деп.
Тұжырың сөзді осымен тоқтатады».

Ұрықсат бермеген соң, тоқтады «қол».
Дербісал: «Жүруіне, бермеді жол.
«Қашқын»ат, Ботантайға, жетеді – деп,
Қосылды осы сөзге, жиыпқан ел».

Ботантай: «Елден безіп, кетті бөлек,
Білінбей Екі жылдай, ешбір дерек,
Жазы ыстық, қыс аязда азап шегіп,
Паналап тау мен тасты көлеңкелеп».

Ботантай: «Барды көшіп Ақмешітке,
Үй тігіп орнығады, ел шетіне,
Бұрынғы ел билейтін, заманы жоқ,
Алмайды: «Берсе кез боп, сәлемін де?»

Мекендеп: «Ақмешітке, тұрды Бес жыл,
«Кірмеде» құн бола ма? ескі дәстүр,



Не жиын, не ақылға шақырмайды,
«Пенде»боп көрінгенге, болып «мәжбүр».

Ботантай: «Алтыншы жыл, көшті Сырга,
Баяғы күн басында, бағы бар ма?
Шолдегі дуадақтай, түзге түнеп,
Коп көріп жол бейнетіп, барды «Сырга»

Көшіп жайлап, мекендеп Сырды өрлей,
Қайта көшіп баруға, Елге сенбей,
Содан кейін бастары қосылмапты,
Біріп – бірі өлгенше кетті көрмей.

Дербісал кәрілік жеңіп, жатты тозып,
Жол алған: «Мыңнан жалғыз, басып озып,
Мұрасын Бөрі ұстады, Дебекеннің,
Артынан жетті Бөрі, шылбыр созып».

Қарғайып көзі көрмей, жетті жасқа,
Тұра алмай төсегінен, жастық баста,
Ел мен жер, «жау мен дауды» табыс етті,
Таусырды: «Ие бол»- деп Бөрі жасқа».

Өлтірген Ақсеркені Он жетіде,
Атапған Бөрі батыр, сол сапарда,
Жау десе Бөріге шап, - дейтін болды,
Кездесе бір қиындық, ел шетіне.

Баласы Кенжебайдың батыр Бөрі,
Бөрінің батырлығын ел біледі,
«Бата» алған жастан Бөрі, қарғыс алмай,
Бірнеше үй, сол – батырдан өсіп, - өнді.



«Енбекшіл» колхозының көпшілігі,
Тұқымы - сол батырдың ұрпақтары,
Өлгенше «әбүйірі» кеміген жоқ,
Келген жоқ, бұл батырдың – жан бетіне.

Іздеген Бөрі жетгі тілегіне,
Айнымас қайтпас «болат» жүректелі,
«Бедеуін»- Ақсеркенің өзі алған,
Меншіктеп мені «мін», - деп еркіне алған.

«Буырлы»бедеу бие, «тұлпар тектес,
Адамның ұсынғанда, қолы жетпес,
Жануар мінсе берік, шанса жүйрік,
Жылқы еді қысы – жазы, бір кемімес.

Бедеуден шағылысып, туды құлын.
Құлыннан – құлын туып, өсті тұқым,
Бөрінің «Буырлысының тегі», - дейді,
«Буырлы» құлын туса, күні бүгін.

«Буырлының» үзілген жоқ, әлі де арты,
Бөріні түгел біледі, «Шеттің» халқы,
Айтады сол күнгіні бүгінгідей,
Кездесіп сұрай қалсаң, «халық – қарты».

«Ғалымнан» хат, «Шешеннен» жыр қалады,
Су жиналса, тақыр жер «көл» болады,
Ақсерке мен Бөрінің - «Майдан жері»,
«Ақсеркенің даласы», - деп атанады.

Екі ердің «әңгімесін» жаздым теріп,
Ұрпақтар: «Оқысын, - деп көңіл бөліп»,
Қарттардан: «Бұл – «тарихты», жаздым сұрап,
Ақсерке, Бөрі бітті аяқталып».



Әр жылдарда баспа бетінен (газет – журнал, кітап жарық көрген шығармалары)

1. «Паравоз» Советтік Қарағанды» Май 39- 40 ж
2. Доскейдің 90 – жылдығына «Советтік Қарағанды Апрель 1939 ж
3. «Октябрь» Шет аудандық газеті 7 ноябрь 1940 ж
4. «Шаттанын Ворошилов тұрды күлін», « Советтік Қарағанды» 24 февраль 1941 ж
5. «Жасылдай көкпен түйін қиратамыз», «Советтік Қарағанды» 24 июнь 1942 ж
6. «Саржан – Бодық» поэма «Советтік Қарағанды» 20 май 1941 ж
7. « Саржан - Бодық» поэманың жалғасы.
8. Қоңырат аудандық «Қызыл ту» газеті, 1944 жыл, 7- ші қыркүйек «Кепіншбай мен Жәкен» айтысы
9. Асыл мұра айдарымен, « Жұлдыз» журналы, 1-ші қаңтар, 1988ж «Жәкен мен Маясардың» айтысы Сәрсенбі Сатаев
10. Қазақ ССР Ғылым Академиясы М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты «Ақын – жыраулар» Қазақ ССР - інің «Ғылым» баспасы, Алматы - 1979 жыл, 39 –шы бет
11. Т. Орынбеков «Жәкен ақын», Балхаш баспасы, 1991 ж
12. Қазақ ССР Ғылым академиясы, М.О. Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер институты, М. Дүйсенов, К. Сейдаханов. С. Негимов «Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты» Қазақ ССР – інің «Ғылым» баспасы, Алматы - 1982 жыл
13. «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» 3 «Ғылым»- баспасы Алматы, 1981 жыл, Папкасы, 200, 74 –ші бет «Көкжайдақ» поэмасы
14. Тоғжанов Е.Л. Аршабеков Т. Т «Атамекен». Оқу құралы



Қарағанды экономикалық университеті, 2002 жыл

15. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі Қарағанды «Болашақ» университеті. «Орталық Қазақстан ақындары поэзиясының антологиясы» Қарағанды. «Болашақ» - баспасы.

16. «Советтік Қарағанды» газеті, 32-ші декабрь, 1960 жыл «Ауыз әдебиеті үлгілерін ықтиятты жинайық.» Ж. Бектүров Жазушылар одағы облысаралық бөлімшесінің жауапты секретары

17. «Советтік Қарағанды» газеті, 20. 06, 1961 жыл / 144 (7646) «Келіңіз тойымызға» Жәкен Байтуов

18. «Орталық Қазақстан» газеті, 28 09 1965 жыл / 281 (8738) «Ел ақындарын ескерсек» Р. Сүлейменов.

19. Қазақ ССР Ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Ақын -- жыраулар».

Қазақ ССР –нің «Ғылым» баспасы Алматы 1979 ж.

Қолжазба қорларындағы шығармалар: Байтуов Жәкен – 856, 1414, 1415. (ОҒК) ҚазССР Ғылым академиясының Орталық Ғылым кітапханасы Байтуов Жәкен – 200, 320, 751. (ӘОИ) М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты.



МАЗМҰНЫ

Құрастырушыдан	4
Өмірі туралы	7
«Қарқаралы мен Қоңырат, Шет ауданының ақышы Жәкеп Байтуовтың»	10
Жарыстың сыналар бір, кезі келді	16
«Шет» ауданының мерекесіне арнау	17
«Жұмыскер» колхозының жетістігі	20
«Қоңырат ауданы» мен «Шет ауданының» айтысы ...	21
Жәкеп Байтуов. «Шет ауданы»- 18.06. 1953 - жыл...	28
«Ауданым» туралы (арнау өлеңім)	29
«Қоңыратпен»- айтыстары туралы	31
«Айғыржал» колхозында	32
«Кенішбай мен Жәкеп» айтысы	33
Маясар ақынға арнау	35
Келіп ем «Қарасаздан» қанат самған	37
«Жәкеп мен Маясардың» айтысы	41
Кокжайдақ	52
Бөрі - батыр	66
Өр жылдарда баспа беттерден жарық көрген шығармалары	164



БАЙТУОВ ЖӘКЕН

БӨРІ - БАТЫР

(Ғ ы б > ы)

Құрастырушы: Жәкенов Жақсылық

Басуға 22.02.2016 жылы қол қойылды.

Пішімі 64x84/16. Көлемі 6,98 б.т.

Таралымы 100 дана. № 10289 тапсырыс

«Tengri Ltd»ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қаласы, Бұқар жырау даңғылы, 84 үй

тел. 8 (7212) 43-19-54

Моб.: 8 (702) 222 30 22, 8 (700) 222 30 22

e-mail: tootengri@mail.ru



Жәкенов Жақсылық Жәкеноұлы

1945 жылы 8 - Маусында Қарағанды облысы, Шет ауданына қарасты Талды ауылында дүниеге келген. 1964-1965 оқу жылында Қарағанды қаласындағы қара шаңырақ № 7 Жамбыл атындағы қазақ орта мектебін бітірген. Қарағанды Мемлекеттік Университетінің филология факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын Талды орта мектебінде бастап, Қарағанды қаласындағы № 39 мектеп - гимназиясында ұстаздық еткен. Қарағанды қалалық білім бөлімі, Қарағанды облыстық білім департаменті «Құрмет грамотасымен» марапатталған. Еңбек ардагері, ұстаз - зейнеткер.

